

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 226 (9544) || 1954 жылғы 14 ноябрь Жексенбі || Шығуына 35 жыл, жеке саны 20 тыйын.

## БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

МОСКВАЛЫҚТАРДЫҢ ИГІЛІК БАСТАМАСЫ БОЛЫНША:  
И. Мұхитов. —Еңбек өнімділігі артуда. И. Марков. — Па-  
триоттық бастама қызу қолдау тапты (1-бет).  
СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАНДА (1-бет).  
ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: М. Лунашкин. —Партия ұйымы —  
коллективтің ұйымдастырушысы. М. Ольшанская. — Партия-  
лық насихаттың орталығы (2-бет).  
А. Голозубов. — Қала кәсіпорындарының жұмысы жаңа  
міндеттерге сай болсын (2-бет).  
Ж. Мұқанов. —Озаттардың іс үлгісімен (2-бет).  
ТРАКТОРЛАР МЕН АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ МАШИНАЛА-

РЫН ЖӨНДЕУДІ ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРАЙЫҚ: И.  
Быба. —МТС-терде тракторлар мен ауылшаруашылық маши-  
наларын жөндеу ұйымшылдықпен жүргізілсін. Б. Жарқынов.—  
Қызыл Тулы бригада. В. Нилейников.—Тың жерлерді оған әрі  
игеру үшін (3-бет).  
КПНО: Н. Найденов. —«Жер» (3-бет).  
С. Танақұлов.—Интернаттағы тәрбие жұмысы (3-бет).  
С. Гераскевич— Мал фермаларындағы жұмыстарды меха-  
никаландыру (3-бет).  
Шетел хабарлары (4-бет).

## Машина-трактор паркін жөндеу қарқынды жүргізілсін

Колхоз құрылысының индустриялық материалдық-техникалық базасы, колхоз өндірісін өркендетудегі шешуші күш болып табылатын облысымыздағы МТС-тер өздерінің машина-трактор парктерін осы күнгі жаңа техникамен жыл сайын толықтыруда. Тек үстіміздегі жылы ғана МТС-теріміз мемлекет тарапынан 2550 трактор (15 аттың күшімен есептегенде), 890 астық комбайнын, 390 жүк автомо-билін, 950 сеялка, 850 плуг, 500 культиватор, сонымен қатар басқа да көптеген машиналар алды. МТС-тердің механизатор, инженер-техник мамандарының құрамы жақсартылды. Осының нәтижесінде колхоз өндірісіне техника күшін пайдалану едәуір жақсарды.

Үстіміздегі жылы өткен жылғыға қарағанда 15 аттың күші бар әрбір трактормен жер едәуір көп жұмысталды. Сөйтіп көптеген МТС-терде ауылшаруашылық жұмыстарының негізгі түрлері—тың және тыңайған жерлерді игеру, желесі жылдың егістері үшін пар мен зяб жұрту жөніндегі мемлекеттік жоспарлар мерзімінде және агротехникалық жоғары сапада орындалды. МТС-тердің ұйымдастырушылық ролі артып, колхоз шаруашылығындағы күрделі жұмыстардың ба-сым көпшілігінің техника күшімен атқарылуы қамтамасыз етілді.

Мұның бәрі ауыл шаруашылығының барлық салаларын барынша өркендетуді қамтамасыз ету, халық тұтынатын то-варлар өндіруді шұғыл өрге бастыру жө-ніндегі партиямыз бен үкметіміз белгілеп берген ұлы міндеттерді шешудің алғаш-қы бір ірі адымы ғана. Ауылшаруашылық машиналарын желесі жылы да неғұрлым толық және тиімді пайдалану арқылы колхоз өндірісін өркендетудегі МТС-тің ролін күшейте түсу үшін қажетті шара-ларды жүзеге асыра беру кәзіргі басты және өте жауапты міндет болып табыла-ды.

Колхоз өндірісін өрге бастыруға тех-ника қуатын толық және тиімді пайда-лануды қамтамасыз ету ісі МТС-терде тракторлар мен ауылшаруашылық маши-наларын мерзімінде, әрі жоғары сапада жөндеуге байланысты. Сондықтан алдың-ғы қатарлы МТС-тер тракторларды басқа да ауылшаруашылық машиналарын жөн-деуге ойдағыдай әзірлікпен жірісті. Бу-

Ал бұл айда тракторларды жөндеу жұмы-сы қолға да алынбаған. МТС-те 193 тракторшы, 50 комбайншы, 31 трактор бригадаларының бригадирлері мен олар-дың көмекшілері, 29 токарь, слесарь, электрші, ұста, тағы басқа мамандар бар. Егер олар тракторлар мен ауылшару-ашылық машиналарын жөндеуге толық қатыстырылса, бітпейтін іс жоқ. Бірақ МТС директоры Галай, мастерской мең-герушісі Мальцев жолдастар механизаторларды жөндеу жұмысына толық қа-тыстыруды, олардың өнімді еңбек етуіне жағдай туғызуды ұйымдастырмай отыр. МТС мастерскойының жөндеу цехы жұ-мысқа жақсы әзірленбеген. Жұмыс істей-тін орындар суық, оны жылытуға отын жоқ. Токарь, слесарь цехтарында жөндеу жұмысына керекті құрал-саймандар жеткіліксіз. Жөндеуші-механизаторлар үшін мәдени-тұрмыстық жағдай жасал-маған. Рас, колхоздардан келіп жұмыс іс-тейтін механизаторларға арналған екі жатақхана бар. Бірақ олардың бірде-бірі жөнделмеген. Отының жоқтығынан пештерін жағылмайды. Жатақхананы кү-туге арнаулы адам тағайындалмаған. Сондықтан жөндеу жұмысына келген ме-ханитарлар жұмысты тастап, үйлеріне кетіп қалуға мәжбүр болып жүр. МТС-те жөндеу жұмысына октябрь айы ішінде 193 тракторшылардан күн сайын 30-40 тракторшының ғана қатысуына бұл айтылғандар негізгі себеп болды.

Тракторлар мен ауылшаруашылық ма-шиналарды жөндеудің жайы Семиполка, Асанов, Полудень, Соколов МТС-терінде де қанағаттанғысыз. Бұл МТС-терде жөндеуден өткізілген кейбір тіркеу сай-мандарын айтпағанда, 10 ноябрьге дейін бірде-бір трактор не комбайн жөнделме-ген.

Тракторлар мен комбайндарды жөндеу жөнінде кейбір совхоздар туралы да осы-ны айтуымыз керек. Қарағанды, Қызыл Шағлы, Тодыны, Приешім совхоздарына осы уақытқа дейін тракторларды, ком-байндарды жөндеу жұмысының қолға алынбауының ешбір дәлелді себептері жоқ. Ал Қызылөскер совхозында мастер-ской тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуге мүлдем әзірлен-беген десек, асырып айтқандық болмай-ды. Алайда бұл жағдай совхоз директоры Даулатов жолдасты абыржытатын емес.

## Москвалықтардың игілікті бастамасы бойынша

### Еңбек өнімділігі артуда

Петропавл құрылыс-монтаждау бас-қармасының жұмысшылары мен қызмет-керлері, инженерлері мен техниктері Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдық мерекесін өздерінің еңбектегі зор табыстарымен қарсы алды. Мереке алдындағы құрметті вахтаға тұрған құ-рылысшылар еңбек өнімділігін еселеп арттырып, өнім сапасын да бірталай жақ-сартты. Сонымен бірге, құрылыс мате-риалдарын үнемдеу және істелген жұ-мыстың сапасының жоғары болуына біз-са назар аударды. Соның нәтижесінде құ-рылысшылардың еңбектері жемісті бо-лып, октябрь айының өндірістік жоспа-ры 104 процент орындалды.

Құрылысшылар қала еңбекшілеріне тұрғын үйлер салғанда, болмаса, басқа-дай құрылыс жұмыстарын жүргізгенде олардың берік, әсем, болуына және онда тұратын семьялардың мәдени-тұрмыс дө-режесіне сай болуына ерекше көңіл бөл-ді. Онымен бірге, көптеген жаңадан сал-ынған үйлерге су тубасын тартып, бу күшімен жылытатын етті.

Чернышев жолдас басқаратын слесарь-монтаждау бригадасы Октябрь мерекесі қарсаңындағы жарысқа ұштасып, ерлік-пен еңбек еткен еді. Жарыс қорытынды-сында бригаданың айлық, өндірістік жос-пары 175 процент болып орындалғаны анықталып, бірінші орынды жеңіп алды.

Үстіміздегі жылы қалалық құрылыс басқармасының бірнеше құрылыс брига-далары облысымыздың тың және тыңай-ғай жерлер игеріп жатқан МТС, колхоз және жаңадан ұйымдастырылған астық совхоздарына жіберілген еді. Бұл брига-далардың көпшілігі мереке күнін өздері-нің игілікті табыстарымен қарсы алды.

Солардың бірі —Петропавл ауданында-ғы Асанов МТС-нің құрылысында істей-тін Шнайдер жолдас басқаратын жер қа-зушылар бригадасы. Бригада мүшелері еліміздің озат құрылысшыларының іс-тәжірибелерін өндірісте кеңінен қолданып, жер қазу жұмысындағы барлық техника күшін сарқа пайдаланды. Сөйтіп олар соңғы октябрь айының өндірістік жоспа-рын 200 процентке дейін артығымен орындап шықты. Ал «Москворецкий» сов-хозындағы Сычев жолдас басқаратын ағаш шеберлері бригадасының жұмы-сы

### Москваның алдыңғы қатарлы заводында

Москваның «Манометр» зауыдының коллективі —бесінші бесжылдық жоспар-дың тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындау жолындағы жарыс инициатор-ларының бірі. Завод директоры Лачугин жолдас СОТА-ның тілшісімен әңгімелес-кенде мынаны хабарлады:

—Біздің кәсіпорының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері өн-діріс процестерін жетілдіру, аспаптар шы-ғарудағы еңбекті жеңілдету, олардың са-пасын жақсарту үшін көп жұмыстар іс-теді. Ұйымдастыру-техникалық шара-ларды жүзеге асыру және сансыз көп ра-ционализаторлық ұсыныстарды енгізу нәтижесінде жыл басынан бері еңбек өнімділігін арттыру жоспары 11 про-центке асыра орындалды. Бұған сол сы-яқты мамандық арттыру мектептерін кү-ру да көп әсер етті, ол мектептерде он ай ішінде 300 жұмысшы еңбектің озат әдіс-терін үйреніп шықты. Бесжылдықты мер-зімінен бұрын орындау үшін күресө оты-рып, заводтың көптеген жұмысшылары еменада орташа алғанда екі нормаға жуық орындайды. Соның нәтижесінде өнім шығару графигі толық бір ай бұ-рын орындалып отыр.

Өндірістік тапсырмаларды мерзімінен бұрын орындау брақты жемітуте мүмкін-дік береді. Ондаған бөлшектер шығару-дың технологиясы қарастырылды және іздестірілді.

Өндірісте пластмассы пайдалану уа-қытты көп үнемдеуге мүмкіндік береді. Кәзір арнаулы пресс үлгілерде пластмас-стан әртүрлі бөлшектер дайындалады, ал бұрын олар станокта текстолиттен дай-ындалатын. Нәтижесінде еңбек өнімділігі бірнеше рет артты. Манометр корпуста-рын өңдеуді токарьлық станокта штамп-повкаға көшіруден алынған нәтиже де бұдан кем емес.

Қол жеткен табыстары үшін коллек-тивке КБС-тың және министрліктің ауыспалы Қызыл Туы тоғызыншы рет берілді.

1955 жылы кәсіпорны жаңа аспаптар-ды жанпай шығаруды игеруге тиіс. Бұған әзірлік көзінді өзінде басталды. Цехтар-ды жаңадан жоспарлау жүргізілуде. Жа-ңа жабдықтар орнатылуда. Завод коллек-тиві жалпы өнім шығару жөнінде бес-жылдықты 1955 жылғы июньде аяқтау-ды ұйғарды.

(СОТА).

### Москвада бесжылдық тапсырманы мерзімінен бұрын орындау жолындағы жарыс кең өріс алуда

Астана кәсіпорындарында жыйналыс-тар зор өрлеумен өтуде, оларда жұмыс-шылар бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты бастау жөнінде ұсыныс жаса-ған Москваның алдыңғы қатарлы 13 за-води мен фабрикасының бастамасын тал-қылауда.

«Калибр» зауыдында көп адам қатыс-қан жыйналыс болды. Бұл кәсіпорны үш жыл және он ай ішінде 1950 жылғымен салыстырғанда еңбек өнімділігін жарты-лай арттырды. Үстіміздегі жылдың фев-ралында жалпы өнім шығару бесжылдық-тың соңғы жылына жоспарланған дөре-жеге жетті. 400-ден астам калибрліктер бесжылдық норманы орындады. Завод

Астананың алдыңғы қатарлы кәсіп-орындарының шақыруы екінші подшыв-ник зауыдында да қызу қолдау тапты. Цехтар мен бөлімдерде жыйналыстар өт-кізіліп, оларда жалпызаводтық социалис-тік міндеттемелер талқыланды және қа-былданды. Завод коллективі жалпы өнім шығару жөніндегі бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын, 1955 жылғы августта орындауда, желесі жылы көпшілік тұты-натын товарлар шығаруды 1954 жылғы-мен салыстырғанда екі есе арттыруды ұйғарды. Еңбекті көп тілейтін процестер-ді оған әрі автоматтандыру және меха-никаландыру, жаңа технологияны енгізу арқылы 1955 жыл 1950 жылғымен са-лыстырғанда еңбек өнімділігін жемінде

### Патриоттық бастама қызу қолдау тапты

Петропавл темір жол бөлімшесінің кол-лективі елімізде өсірілген бітік егін-нің өнімін тасымалдауда социалистік жарысты өрістетіп отырып, үстіміздегі жылы зор табыстарға ие болды. Петро-павл станциясы арқылы өтетін жүздеген астық тиелген составтар графигте бел-гіленген уақыттан әлде қайда бұрын тиісті станцияларға жеткізіліп отырыл-ды.

Петропавл паровоз депосының озат машинистері Сағдиев, Шарипов, Скрип-ко жолдастар астық тиелген составтарды алып жүргенде белгіленген мерзімнен составты 20—30 минут бұрын жеткізіп, еңбектің озат үлгісін көрсетті.

Ноябрьдің алғашқы он күні ішінде қажырлықпен еңбек еткен Қарақоға станциясының астық тасушылары он күндік жоспарды 110 процент, Мам-лиот станциясы 100 процент және Петро-павл станциясы коллективі 130 процент-тен асыра орындап шықты.

Темір жол торабының астық тасуда, вагондарға астық тиеу және оны түсіру жұмыстарында істейтін барлық жұмыс-шы-қызметкерлері Москва қаласының алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының бес-інші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты өрістетуге шақырған патриот-тық бастамасын зор өндірістік өрлеу үс-тінде қарсы алды. Олар бұдан былайғы күндерде де астық тасу жұмысын барын-ша пәрменді жүргізіп, еңбек өнімділігін еселеп арттыруға және астық тиеу, түсі-ру жұмыстарын тездетіп бермек. Сонымен бірге, вагондардың бос тұрып қалуын кездестірмеудің негізгі шаралары белгі-ленді.

И. МАРКОВ.

### Қыс күндерінде қатынасты қамтамасыз ету үшін

Қазақ ССР тас жолдар және автомобиль жолдары министрлігінің 543-жол пайда-лану участогі үстіміздегі жылы Петро-павл -Марьевка арасындағы жол құры-лысында еңбек етті.

Бұл күндері құрылысшылар коллекти-ві қыс күндерінде облыс орталығынан



лаев, Преснов, Ленин атындағы, Купошев атындағы МТС-тердің механизаторлары еңбек өнімділігін арттыра отырып тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жөніндегі октябрь айының тапсырмасын толық орындады. Олар машина-трактор паркін жұмысқа әзірлеуді держесінде аяқтау мақсатын көздеп, бұл іске барлық күш-мүмкіншілікті жұмылдыруда, жөндеу жұмысын өнімді және сапалы жүргізудің сыналған, озат әдістерін өндіріске кеңінен қолдануда.

Машина-трактор парктерінде жөндеу жұмысын үлгілі жүргізуге облыс МТС-терінде мүмкіншілік бар. Көздің өзінде МТС мастерскойлары 60-қа жуық металл жесетін жаңа станоктар алды. Жөндеу жұмыстарына бұрын пайдаланылмаған май сорғыштардың, электр жабдықтарының, радиаторлардың, двигател блоктарының іске жарамдылығын, қуатын сынайтын стендалар, подшипниктерді өңдейтін универсалді станоктар, тағы басқа құралдар күн сайын алынады. Барлық МТС-тер жылжымалы электр станция түріндегі қосымша қуат беретін электр установкалармен, бірқатар МТС-тер бұқуатты установкалармен жабдықталды. МТС мастерскойларын қосалқы бөлшектермен, жөндеу материалдарымен жабдықтау едәуір жақсарды. Көптеген МТС-тердегі мастерскойлардың жөндеу базалары кеңейді.

Мұның барлығы партия мен үкметіміздің ауыл шаруашылығына деген зор қамқорлығын көрсетеді.

Амал не, бірқатар МТС-терде осы мүмкіншіліктер тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуге толық және өнімді пайдаланылмай келеді. Мұның басты себебі МТС басшыларының жөндеу жұмысын ұйымдастыруға жете мән бермеуінде болып отыр. Бұған мысал ретінде Чистян МТС-ін алуға болады. Мұнда барлығы 81 трактор, оның ішінде 32 трактор күрделі жөндеуден өткізілуі керек. МТС-те график бойынша октябрь айында 8 трактор жөндеуге тиіс еді.

## Донец селоларында 7 мың электромотор бар

СТАЛИНО, 12 ноябрь. (СОТА). Быйылғы жылы облыстың 20 колхоздары, МТС пен совхоздары өз өндірістерін тағы да электрлендірді. Сөйтіп Донец селоларының үштен екі бөлігі электр қуатын алды. Ауыл шаруашылығында 7 мыңнан аса электромоторлар пайдаланылуда. Олардың күшімен ондаған түрлі жұмыстар атқарылады.

Харцызский ауданы жашпай электрлендірілген аудан болды. Мұнда ауылшаруашылық артельдерінде 300-ден аса электр моторлары орнатылды. Бұл моторлар колхоз өндірісіне қолданылатын 500-ге жуық машиналар мен механизмдерді қозғалысқа келтіреді. Осындай үлкен шаруашылықты бақылау үшін барлық колхоздарда да электр мамандары бар. Электрлендіру жұмыстың өзіндік құнын едәуір азайтуға және еңбектің өнімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Бұл инициативаны Селидовский ау-

ыл шаруашылық машиналарын жөндеу жұмысының өте ұзаққа созылу қаупін тудырады. Мұны болдырмау үшін мастерскойлардың әзірлігіндегі кемшіліктерді іс үстінде тез жойып, жабдықтарды толық тәртіпке келтіру керек. Жөндеу жұмысында еңбектің дұрыс ұйымдастырылуына, оның өнімді және сапалы болуына жетісу қажет. Жұмысқа тәртіптік әдістерді неғұрлым кеңінен енгізу керек. Жөндеу материалдарын, қосалқы бөлшектерді үнемдеп жұмсау, қосалқы бөлшектер дайындауға ішкі мүмкіншіліктерді толық пайдалану қарастырылуға тиіс.

Өткен жылы кейбір МТС-тер мен совхоздар еңбекшілерімен жабайы жөндеуші ететін машиналарды жөндеді. Соның өзінде жөндеу жұмыстарының графиктерін орындамады. Осының салдарынан тракторлар мен машина-саймандарды жөндеу маусымының аяқ шеніне жөндеуден өткізілмеген көптеген машиналар іркіліп қалды. Олардың дені күрделі жөндеуді керек ететін машиналар болды. Сөйтіп көктемгі егіс қарсаңында жөндеу жұмысын шапшаңдату, істің сапасын келтіру есебінен жүргізілді деуге болады. Бұл сыяқты зиянды практика быйыл қайталанбауға тиіс. Ол үшін жөндеу жұмысының бірқалыпты жүргізілуін, тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеудің күндіз, бескүндік және айлық графиктерінің толық, сапалы орындалуын қамтамасыз ету керек.

МТС, совхоз басшылары, олардағы партия ұйымдары механизаторлардың өнімді еңбек етуін көздеп, олардың жұмыс орындарының жылы, жайлы болуына, мәдени-тұрмыс қажеттерін толық қанағаттандыруға үнемі қамқорлық жасауға міндетті. Жөндеуші механизмдер еңбек тәртібін беріп сақтай отырып, өздеріне тапсырылған жұмысты сапалы және толық орындауға жетісулері керек.

данындағы Сталин атындағы ауылшаруашылық артелинің колхозшылары көтерді, бұл колхозда 80-ге жуық электромоторлар жұмыс істейді. Оларды орындай пайдалану және жұмыстарды көбірек механикаландыру үшін мұнда арнаулы мотор топтары құрылған. Олар отород суару, астық тазалау, тағы басқалар сыяқты маусымды жұмыстарға қолданылады. Сонымен, колхозда өндірісте жалпай электрлендіру жүзеге асты.

Ауыл шаруашылығын одан әрі де электрлендіруге облыс өнеркәсіп орындары зор көмек көрсетуде. Олар село еңбекшілеріне 100-ге жуық электромоторлар берді, ондаған километр электр желдарын тартты, бірнеше трансформатор аралық станцияларын жабдықтады. Электромоторлар комплексі жұмыстар жүргізіліп жатқан 14 МТС-тің мастерскойларына қойылуда.

көрсеткіші де аса жоғары. Мұндағы бригаданың барлық мүшелері еменалық және айлық өндірістік тапсырманы 1,5—2 есе асыра орындап жүр.

Москва қаласының алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап шығу жолындағы социалистік жарысты өрістетуге шақырған үндеуін құрылысшылар зор қуанышпен қарсы алды. Олар құрылыс жұмысына сыртқы және ішкі резервтерді толық пайдаланып, еңбек өнімділігін еселеп арттырып, істелген жұмыстың сапасын жақсарту беру жолында жанқиярлықпен еңбек етуде.

И. МҰХИТОВ.

дегі бесжылдық тапсырманы мерзімінен бұрын — 1955 жылдың 5 октябріне орындау жөнінде міндеттеме қабылдады. Бесжылдықтың аяғына дейін еңбек өнімділігін 60 процент арттыру ұйғарылды.

Сол сыяқты, электролампа, карбюратор заводтары және басқалары бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауды ұйғарды.

(СОТА).

## ТӨУЛІГІНЕ БІРЖАРЫМ ЦИКЛ

ПЕРВОМАЙСК (Ворошиловград облысы), 12 ноябрь. (СОТА). Бүгін «Первомайскуголь» тресінің «Золото» № 1—2 шахтасы көмір шығарудың жылдық программасын орындап шықты.

Кеншілер бұл табысқа еңбектің озат әдістерін өндіріске енгізу нәтижесінде ие болды. Мұнда жұмыстың циклдік графикасы

гін ойдағыдай игерді және төулігіне бір цикл орнына біржарым цикл жасай бастады. Бір бұрғылау машинасымен өнім шығару айына норма бойынша 3.900 тонна орнына 6 мың тоннаға жетті.

Өнімнің өзіндік құнын кемітуден кәсіпорны 700 мың сом қаржы үнемдеді.



## БИІК ТАУЛЫ АУДАНДАРДА ӨСІРУГЕ АРНАЛҒАН МАЛАЗЫҚТЫҚ ДАҚЫЛДАР

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Зырян селекция станциясының коллективі үстіміздегі жылғы жұмыс қорытындыларын шығарды. Шығыс Қазақстанның биік таулы аудандарында өсіруге арнап малазықтық дақылдарды іріктеп алу және олардың мол өнім өсірудің агротехникасын жасау жөнінде жасалған тәжірибелердің практикалық зор маңызы бар.

Станцияның егіс далаларында шөптердің жүзге жуық сорты, малазықтық капуста, чумиза, сорго және басқа бірсыпыра дақылдар сыналды. Малазықтық капустаның «сизая» және «зеленая» сорттары үздік нәтижелер көрсетті. Оның гектарынан 1.000 центнер көк шөп алынды. Биік таудың қатал ауа райы жағдайында суданқа шөбі мен чумиза өзінің жақсы өсетіндігін көрсетті. Чумиза 85 центнерге дейін пішен берді, ал тұқымдыққа қалдырылған чумизаның гектарынан 50 центнерден өнім алынды. Суданқадан тұқым алу үшін, оны жүгері сыяқты, таулардың оңтүстік бөктерлеріне егу қажеттігі анықталды. Ғалымдар жергілікті жағдайда быйыл тұңғыш рет сорго тұқымының өнімін алды.


Шөптерді күзде егу жөніндегі тәжірибелердің зор маңызы бар. 1954 жылдың қысы қарсаңында егілген тимофеевка гектарына 50 центнердей пішен берді. Бұл көктемде егілген учаскедегі екі еседей көп. Ғалымдар быйыл дәнді шөптерді күзде егу тәжірибелерін қайталады.

## КЕМЕ ЖӨНДЕУ БАСТАЛДЫ

СЕМЕЙ. (ҚазТАГ). Семей мен Павлодар кеме жөндеу заводтары, Глубокое мен Трушников мастерскойлары кемелерді жөндеуге кірісті.

Семейдің кеме жөндеу зауытында тапсырмаларды мерзімінен бұрын орындау, жұмысты жоғары сапалы істеу жолындағы жарыс өрістеуде.

Ағаш өңдеу цехының коллективі «Яданов» пароходындағы жұмыстарды графиктен екі есе тез орындады. Кәсіпорны жұмысшыларының тең жарымы жылдық нормаларын орындады.



Алматы облыстық малшаруашылық көрмесінде малдар қалашығы көрсетіледі. Мұнда қамыстан жасалған қой қора, шопандар үйі және өндіріс үйінің құрылыстары бар. СУРЕТТЕ: малдар қалашығы.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

## Болап магистралдарда

Түркістан-Сибирь темір жолында ауыр салмақты поездарды тез жүргізу жолындағы жарыс өрістей түсуде. Шар депосының паровозшылары ауыр салмақты поездарды жол-жөнекей су алуға және локомотивтің оттығын тазартуға тоқталпастан жүргізу әдісін ойдағыдай қолдануда. Депоның көптеген машинистері Семей-Шар және Шар-Жарма учаскелерінде поезды тоқтатпастан жүргізу шеберлігін меңгерген. Николай Губаревтің локомотив колоннасының коллективі осы әдіспен жүздеген поезд жүргізді. Колонна салмақ нормасынан тыс 100 мың тоннадан аса жүк тасыды. Ауыр салмақты поездарды жоғары жылдамдықпен жашпай жүргізу нәти-

жесінде депода екі паровоз басқа жұмысқа ауыстырылды, мемлекетке бір миллион сомдай үнем жасалды.

Таңдаулы паровоз бригадаларының жұмыс тәжірибесін тарату үшін депоның партия ұйымы техникалық конференция, үгітшілердің семинарын өткізді, тақырыптық қабырға газеттер мен «жауынгерлік листоктар», сәуле газеттерінің арнаулы номерлерін шығарды, радио арқылы озаттардың сөз сөйлеуін ұйымдастырды. Көзір деподағы барлық машинистердің 96 проценті ауыр салмақты поездарды жылдам жүргізу шеберлігін үйренген.

(ҚазТАГ).

дестірмеу үшін қызу қарқынмен даярлық жұмыстарын жүргізуде. Көзінде мұнда «ЗИС-151» автомашинасына орнатылған роторлы қар тазалағыштар даярланды. Сонымен бірге жол бойына ағаш бұталарын тастау, қалқандар жасау және басқа да қар тоқтату әдістерін қолдану үшін барлық жағдайлар қарастырылды.

Құрылысшылар Москва қаласының алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының бесінші бесжылдық жоспарды белгіленген мерзімнен бұрын орындап шығуға шақырған үндеуін зор қуанышпен қарсы алып, еңбек өнімділігін арттыра беруге өздеріне көтерілген міндеттемелер алды.

А. БЕЗДЕНЕЖНЫХ.

## «37 ЛЕТ ОКТЯБРЯ» СОВХОЗЫ

АҚМОЛА. (ҚазТАГ). Есіл ауданында 35 жаңа астық совхозы ұйымдастырылып жатыр. Жаңа шаруашылықтардың 23-іне жер бөліп беру жұмыстары аяқталды. Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығын есте қалдыру үшін жаңа совхоздардың біріне «37 лет Октября» деген ат берілді. Мейрам қарсаңында жерге орналастырушылар бұл шаруашылыққа Есіл өзенінің сол жақ жағасынан 24 мың 200 гектар жер бөліп берді, оның 18,5 мың гектары егін егуге жарайтын тың және тыңайған жерлер. Жаңа совхоздың орталық ұсадыбасы Қаракөл өзенінің жағасында болады.

Қаракөл аймағындағы жерлерде Қаракөл, Харьков, Алматы, Курск, Бузулук, Маяковский атындағы, Вильяме атындағы, Костычев атындағы және басқа совхоздар ұйымдастырылды. Совхоздардың 137 басшы қызметкерлері — директорлар, бас агрономдар, инженерлер, бухгалтерлер көзіндік өзінде Москвадан осы шаруашылықтарға жүрін кетті.

## ҚАТТЫ БИДАЙ ТҰҚЫМЫНЫҢ ҚОРЫН АРТТЫРУДА

КӨБШЕТАУ. (ҚазТАГ). Облыстың колхоздары мен совхоздары быйыл қатты бидайдың «гордейформе 10» сорты егілген учаскеде астықты басқа сорттар егілген учаскедегіге қарағанда гектарына 3—5 центнер артық алды. Келесі жылғы көктемгі егіске әзірлене отырып, егіншілер қатты бидай тұқымының қорын молайтуда.

Көзір жаңа совхоздардың астық қоймаларына көп мөлшерде қатты бидайдың тұқымы тасып жеткізілді. Садықкөл совхозындағы жаздық дақылдардың егіс көлемі 19 мың гектардай болады. Мұнда көзіндік өзінде 15.000 центнер «гордейформа 10» бидайының тұқымы әзірленген. Молотов атындағы совхоз бүкіл егіс көлемінің тең жарымына жететін қатты бидай тұқымының қорын жасады.

Келесі жылы облыста «гордейформа 10» бидайдың егіс көлемі быйылғы жылғыдан үш есе көлемді жер алады.



# ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

## Партия ұйымы—коллективтің ұйымдастырушысы

Кеше ғана, көктемде, Мамлют станциясынан 6 трактормен шыққан жеруеншілердің азғана тобы келе жатты. Олардың барар жері — Солтүстік Қазақстан жартасына жаңадан ғана нүкте болып енген Украин совхозы. Жолды ешкім білмейді. Тек карта бойынша жобалан жеруеншілер 200 километр жол жүргеннен кейін жаңа совхоз ұйымдасатын жерге іргелес отырған елді-пункттердің бірі Петровка селосына жетті. Ертеңіне совхоз директоры жер өлшеушілермен бірге барып, Молалы деген жердің сыртындағы кең далаға жаңа совхоз орталығының белгісі етіп, қазық қақты.

Бүгін мұнда үлкен коллектив. Көктемде тігілген ақ шатырлардың орнына 2-3-4 пәтерлі тұрғын үйлер салынды, совхоз орталығы үлкен посалкеге айналды. Кешке қарай өндіріс орындары мен магазиндерде, жұмысшылардың пәтер үйлерінде Ильич шамы жарқырайды. Жаңа совхоздың коллективі құлазып жатқан кең далада 22 мың гектар тың көтерін, мемлекеттік тапсырманы аброймен орындады.

Мұның бәріне қысқа мерзім ішінде қалай жетістік? Әңгіме осы жөнінде болғалы отыр.

Туысқан мемлекетіміз коллективтің алдында тұрған орасан зор міндетті орындау үшін не қажеттің бәрімен қамтамасыз етті. Совхоз 37 қуатты тракторлар, 29 автомашиналар және басқа көптеген ауылшаруашылық машиналарын, құрылыс материалдарын алды. Еліміздің түстүс жағынан — Москвадан, Ленинградтан, Армавирден және басқа қалалардан тың және тыңайған жерлерді игеру үшін партиямыздың шақыруы бойынша жүздеген ерлікті патриоттар келді.

Совхоз дирекциясы мен партия ұйымының алдында коллективті бір мақсатқа жұмылдыру, техниканы тиімді пайдалану міндеті тұрды. Бізге келген патриоттар әр жастағы, әр мамандықтың адамдары, өнеркәсіп орындарының жұмысшылары болды. Олардың барлығы дерлік ауыл шаруашылығында бұрын болмағандар, сондықтан оларды жаңа мамандыққа үйрету қажет болды.

Жаңа жерге желденнен кейін алғашқы күннен бастап біз тәрбие жұмысын әрбір адамның мінез-құлқымен, оның жұмыстығы қабілеттілігімен танысудан бастадық. Партия ұйымы құрылғанға дейін бірінші болып келген коммунистер коллектив мүшелерімен әңгімелер өткізіп, олардың тілектері мен ұсыныстары жөнінде совхоз дирекциясының алдына мәселелер қойып отырды. Мұның өзі коллективті шыңдауда, оны бір мақсатқа ұйымдастыруда зор көмек болды.

Дала жұмыстары басталғанға дейін бірнеше рет жалпы жыйналыстар өткізіліп, онда жұмысшылар совхоздың жер

көлемімен, коллективтің алдында тұрған міндеттермен таныстырылды.

Көп ұзамай-ақ совхоз партия ұйымы ұйымдастырылды. Оның құрамында алғашқы кезде 11 коммунист, соңынан 25 коммунист болды. Партия ұйымының алғашқы жыйналысында ұйымдастыру мәселелерімен бірге, совхоз коммунистерінің өндірістегі авангардтық ролі жөнінде арнаулы мәселе талқыланды. Осы уақыттан бастап партия ұйымы өзінің міндетін терең сезініп, коллективтің ұйтқысына айналды. Коммунистер өндірістің иешуші участоктерінде жұмыс істеп, еңбекте өнеге көрсетумен бірге, партияда жоқтарды социалистік жарыста қабылдаған міндеттемелерін аброймен орындау мақсатына жұмылдырды.

Шікірімізді дәлелдеу үшін бірнеше мысалдар келтірейік. Коммунист Степан Шолом совхозға қатардағы тракторшы болып келді. Ол алғашқы күннен бастап еңбек өнімділігін еселеп арттырып, сменалық тапсырмаларын артығымен орындады. Сонымен қатар Шолом жолдас бүкіл бригаданың жұмысына көмектесті.

Көктемде «ДТ—54» тракторымен тың жырту үшін тек үш қорғуесты плугтер ғана қажет болды. Совхозда мұндай плугтер болмағандықтан бес қорғуесты плугтердің екі қорғуесты алуға тура келді. Бірақ мұнан да нәтиже шықпады. Плугтер жиі сыныптын болды. Мұның себебін коммунист Шолом жолдас тапты. Ол плугтерді тракторларға тіркеудің жаңа конструкциясын жасады. Осының нәтижесінде тың жырту қарқыны анағұрлым артты.

Жазды күні еңбек тәртібі нашар болуы себепті № 4 трактор бригадасы жұмыста басқалардан кейін қалды. Жағдайды түзеу үшін совхоз дирекциясы мен партия ұйымы бұл бригадала Шолом жолдас бригадир етіп жіберді. Ол сенімді аброймен ақтады. Бригада аз уақыттың ішінде артта қалушылығын жойып, озаттардың қатарына қосылды. Шолом жолдас басқарған трактор бригадасы тың көтеру жөніндегі жоспарды 110 процент орындап, социалистік жарыста совхоз бойынша екінші орынға ие болды.

Бізге мұндай коммунистер көптен саналады. Мәселен, № 2 трактор бригадасында аяқкіім фабрикасының бұрынғы тігіншілері жас коммунистер Е. Кузнецова мен Е. Саасонова жолдасар тіркеуші болып істеді. Олар өздерінің еңбектегі өнегесімен артта қалғандарды алдыңғылардың қатарына қосып отырды. № 2 трактор бригадасы тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі жоспарды артығымен орындады.

Тың көтерумен бірге совхозда басқа жұмыстардың, әсіресе, құрылыс жұмыстарының жедел жүргізілуіне баса назар аударылды: Ленинградтан келген 20 адам

нан құрылысқа қажетті саман басу үшін арнаулы бригада ұйымдастырылды. Бригаданың құрамындағы адамдар бұрын саманды қалай жасау керек екендігін білмей түгіл, оны көрген де жоқ еді. Сондықтан алғашқы кезде өте қиын болды. Бригада күніне саманнан 200-300 кірпіш қана басып жүрді. Бұл бригадалағы комсомолецтер жұмыстың қарқыны баюу болуына төзе алмады.

Олар бригадалағы бірлі-жарым тәжірибелі адамдар жіберу жөнінде тілек қойды. Олардың тілегі орындалды, бұл жұмыста тәжірибелері бар коммунистер бригада мүшелеріне көмекке барды. Комсомолецтер Сергей Петров, Вера Пародовская, Вера Кулешова және басқалары жұмыс әдісін жедел меңгеріп, саман басудың қарқынын күн санап арттыра түсті. Олар күніне екі мың саман жасайтын болды. Бригада мүшелері бір айдың ішінде 47 мың кірпіш жасады. Демек олардың жасаған кірпішінен екі жатақхана, 150 адамдық асхана үйлері және нан пісіретін орын салынды.

Партия ұйымы трактор бригадалары мен құрылыс участоктерінде бұқаралық-саяси жұмысты мазмұнды ұйымдастыру жөнінде бірқатар шараларды жүзеге асырды. Бригадалар мен құрылыс участоктерінде саяси сауатты коммунистер мен партияда жоқ активтер үгітші болып істейді. Олар өздерінің әңгімелерін коллективтің алдында тұрған нақтылы міндеттермен байланыстырып, еңбек озаттарының тәжірибелерін насихаттайды.


Айта кету қажет, совхозға келгендердің ішінде еңбек тәртібін бұрмалайтын, біздің жұмысымызға бөгет жасайтын бірнеше адамдар да болды. Партия ұйымы ондай адамдар жөнінде көпшілік шікірін ұйымдастырып, олардың жұмысқа белсенді қатысуына жеткізді.

Совхоз партия ұйымы өзінің жұмысында әлі де елеулі кемшіліктер бар екенін жақсы біледі. Біздің коллективтің құрамы негізінен жастар. Партия ұйымы мен комсомол ұйымы жастардың жұмыста бос уақыттарда мәдениетті тынығуы үшін бірқатар шараларды жүзеге асыруға тиіс. Осыны еске алып, комсомол ұйымы физкультура және спорт жұмысының қысқы маусымына әзірлік жұмыстарын жүргізуде. Совхозда көркемөнерпаздар коллективі жаңада ғана ұйымдасып, бірақ рет көңерт қойды. Бұл өріне, мүлдем жеткіліксіз. Біз совхоз қызметкерлерінің мәдени қажетін өтеу үшін көп жұмыстар істеуге тиісіміз.

Партия ұйымы өзінің бүкіл жұмысын онан әрі жақсарту отырып, коллективті өндірістік жаңа табыстарға бастай береді

**М. ЛУКАШИН,**

Украин совхозы партия ұйымының секретары.



ТУРКМЕН ССР-І. СУРЕТТЕ: Небит-Дагтегі мұнай кәсіпшілігінде.

(СОТА-ның фотохроникасы).

### Жаңа дәрігерлік пункт

Октябрь ауданындағы Ленин ауылдық Советіндегі дәрігерлік пункт осы уақытқа дейін 6 ауылдың қолхозшылары дәрігерлік көмекпен қамтып келді. Мұның өзі науқастанған қолхозшылардың дәрігерге көрініп, жедел дәрігерлік көмек алуына да, сондай-ақ дәрігер К. Вельгер жолдасының қолхоздарда жиі-жиі болып, қолхозшылар арасында денсаулық сақтау шараларын жүргізуіне де өте-өте қолайлы еді.

Аудандық денсаулық сақтау бөлімі бұл жағдайды еске ала отырып, «Қазақстанның 30 жылдығы» қолхозында жаңа дәрігерлік пункт ашуды қажет деп тапты. Кәзір бұл қолхозда дәрігерлік пункт ашылып, жұмыс істей бастады. Дәрігерлік пункттің меңгерушілігіне 20 жылдан бері дәрігерлік қызметпен араласқан Мария Яковлевна Кузюкова тағайындалды.

Кузюкова жолдас алғашқы күннен бастап қолхозшылардың тілегіне сай еңбек етіп жүр. Ол кәзірдің өзінде қолхозшылардың үйлерінің тазалығын байқап шығып, қолхозшыларға үйді таза ұстаудың денсаулыққа пайдалы екендігін түсіндірді.

Дәрігерлік пункт қажетті дәрі-дәрмектермен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілген.

**Н. АСЫЛТАЕВ.**

### Артық астықтарын мемлекетке сатуда

Ауылшаруашылық өнімдерін мемлекетке сатып алу бағасының арттырылуына байланысты ауыл шаруашылығының ел бекшілері өздерінің еңбекжүніне алған астығының артығын мемлекеттік сатып алу орындарына сатуға өте-өте ынталы. Копыхов ауданының көптеген механизаторлары мен қолхозшылары артық астықтарын мемлекетке сатуда. Мәселен,

## Қала кәсіпорындарының жұмысы жаңа міндеттерге сай болсын

Қала кәсіпорындарының коллективтері Октябрь социалистік революциясының 37 жылдық мерекесіне жаңа табыстармен келді. Еңбек өнімділігін арттырып, өнім сапасын бұрынғыдан да жақсарту беруді және өнімнің өзіндік құнын кемітуге бағытталған күреске жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлер белсене қатысты. Соның нәтижесінде вагон жөндеу депосы, шағын двигателдер заводу, темекі фабрикасы, баспахана, сол сияқты «Прогресс», «Екпінді», «1-май», «9-май», Сталин атындағы, Киров атындағы кәсіпшілік артельдері және шойын құю-таразы заводу өндірістік табыстарға ие болды.

Бұл кәсіпорындарда өндіріс озаттарының іс тәжірибелерін насихаттау, жаңалық тапқыштардың ұсыныстарын өндіріске енгізу жақсарту түсті. Аз уақыттың ішінде 139 жаңалық тапқыш ұсыныстар жүзеге асырылып, одан алынған пайданың мөлшері 350 мың сомнан асты. Заводтарда 476 адам сменалық норманы үнемі асыра орындап келеді.

Сондай-ақ темекі фабрикасының коллективі де өнім шығарудың жоспарын асыра орындап, еңбек өнімділігін арттырады 107,1 процентке жеткізді. Өнімнің өзіндік бағасы кәсіпорыны бойынша тапсырыстан 3,2 процент артық кемітіліп, қор жыйнау жоспары 110 процент орындалды, жоспардан тыс 270 мың сомын өнім берілді. Мұнда Мұрыхин, Велик, Вельтигулова сияқты өндіріс озаттары сменалық норманы 2,5 есеге дейін орындап жүр.

Петропавл вагон жөндеу депосының коллективі көп жылдан бері озат кәсіп орындарының қатарында келеді. Вагоншылар ұлы мерекені бұл жолы далайықты жаңа табыстармен қарсы алды. 10 айдың өндірістік программасын негізгі көрсеткіштер бойынша 9 октябрьде аяқтады. 452 вагонды күрделі жөндеуден өткізіп, көрнекті табысқа ие болды. Вагон жөндеушілер кәзірдің өзінде вагон жөндеудің жылдық тапсырмасын 108 процент орындап, жоспарланғандығыдан 98 вагонды артық жөндеді.

Мұнан бұрынғы айлардағыдай октябрь айындағы социалистік жарыста да, коммунист Поджорытов бастаған күрделі жөндеу цехы бірінші орынға шықты. Сол сияқты, СОКП мүшесі мастер Ахметов жолдас бастаған вагондарды астық тасуға әзірлеу цехы да алдыңғы қатардағы цех болып есептелінеді. Вагон жөндеу депосы бойынша еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі тапсырыс он айдың ішінде 111 процентке жеткізіліп, 705 мың сом мемлекет қаражатын үнемдеуге жетісті.

Еңбек өнімділігін арттырып, өнім сапасын жақсарту беру үшін күресте слесарь Кирилов, балташылар: Завгородний, Коваленко, вагондарды жылдық жөндеуден өткізудің слесары Гладилов, слесарь-автоматчик Шурпа жолдасар өздерінің қажырлылығымен еңбектенуінің арқасында коллективтің өндірістегі мақтанышы болып отыр.

Қаладағы кәсіпшілік артельдерінің кол-

отырған өнімі үнемі өсіп келеді. Оны мына фактілерден айқын көруге болады. Үстіміздегі жылдың 6 айында ғана шығарылып отырған өнімнің мөлшері 5 процент ұлғайтылды. Мәселен, ұн шығару 17,4 процент, шұжық тағамы 3,6 процент, қондиртер тағамдары 17,3 процент макарон—22,7 процент, аяқкіім—30,9 процент, кірпіш өндіру—36 процент, кровать шығару—3,8 есе арттырылды.

Құрылыс ұйымдарының жұмысы да жақсарып келеді. Құрылыс-монтаж жұмысының жоспары октябрь айында 100,7 процент орындалып, пайдалануға бір айдың ішінде Октябрь ауданының Москва реткіі совхозында 817 шаршыметр тұрғын үй, қалада 746 шаршыметр тұрғын үй пайдалануға берілді. Мұның үстіне құрылыс-монтаж мекемесі Москворецкий совхозына бір машина және 300 тонна астық сыятын жабық қырман салуды аяқтады.

Қала кәсіпорындарында өндіріс озаттарының жаңалық тапқыш ұсыныстарына назар аудару және оларды көпшіліктің игілігіне айналдыру ісі жақсарып келеді. Мәселен, аз уақыттың ішінде кәсіпорындарының жұмысшылары мен қызметкерлерінен түскен 1070 жаңалық тапқыш ұсыныстар жүзеге асырылды. 450 жаңалық тапқыш ұсынысты өндіріске енгізуден мемлекетке келген пайданың мөлшері 2 миллион сом болғандығын айтсақ, жаңалық тапқыш ұсыныстарды өндіріске деркесінде енгізуден қалпалықты пайда келетіндігіне айқын дәлел.

Айтады, барлық кәсіпорындары мемлекет алдындағы борыштарын орындауда мәңгі жұмыс істеді деп айтуға тіпті де болмайды. Өндіріс программасын орындауды қамтамасыз етпей, артта қалған кәсіпорындарының қатарында өт-көнерген комбинаты бар. Комбинат директоры Галицкий жолдас барлық келесілерде жоспардың орындалмағаны туралы айтудан басқа, өндіріс процесіндегі кемшіліктері жоюға батыл шаралар қолдануды қамтамасыз ете алмай отыр. Комбинат басшылары маусыммен жұмыс істеуге дағдыланып алған. Социалистік жарыстың ұйымдастырылуы, әсіресе алынған міндеттемелерді мүлтіксіз орындауға, өнімнің сапасын жақсарту беруге коллективті жұмысшылар білмеді. Осының салдарынан он айдың өндірістік программасы орындалмай қалды. Комбинат 1900 тонна консерв, 210 тонна шұжық тағамдарын өзімізге кем берді, яғни өнім шығарудың жоспары 19 процент кемітілді. Бірнеше миллион сом мемлекет қаражаты артық ұсталып, 1151 тонна отын шығын болды. Елтің өзіндік құны 30,8 процент, шұжық—15,8 процент, консерв—16 процент артты.

Тігін фабрикасының басшылары да өндірістік программасын орындауды қамтамасыз ете алмады. Мұнда он айдың жоспары небары 91,7 процент орындалды. Сол сияқты, аяқкіім фабрикасы да өндірістік жоспарды орындамай, көптеген мың аяқкіімге мемлекет алдында борынты болып қалды. Нан комбинаты да негізгі аяқкіімдерін орындамай, көптеген

## Партиялық насихаттың орпалығы

Қала партия ұйымы, партия оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылына дайында-

ла отырып, партия оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылына дайында-

ла отырып, партия оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылына дайында-



отырып, партия оқуындағы еркінлік принципі қатаң сақтау, сөйтіп коммунистердің жеке тілектері мен мүдделерін жан-жақты ескерту жөнінде бірқатар шараларды жүзеге асырды. Осындай ұйымдастыру және орналастыру жұмыстарының нәтижесінде үйірмелер мен саяси мектептердің жалпы саны едәуір қысқарды. Сонымен бірге, бұл қалған үйірмелер мен мектептерге насихатшылардың даярлығы мол кадрларын іріктеп алуға мүмкіндік туғызды. Оның есесіне маркстік-лениндік теорияны өздігімен үйренуге тілек білдірген коммунистердің саны бірсыпыра артты. Өйткені коммунистер партияның теориясы мен тарихын өздігімен үйрену саяси оқудың көпжылдық тәжірибеде сыналған бірден-бір дұрыс жолы екенін ұғынды.

Коммунистік партияның тарихы мен теориясын өздігімен үйреніп, меңгеруге тілек білдірушілер санының артуына сәйкес қалалық партия комитетінің кітапханасы аясында бұл жолдастарға жан-жақты көмекті күшейту міндеті қойылып отыр.

Осы міндетті орындау үшін біздің кітапхана жүзеге асырған және жүзеге асырағалы отырған бірқатар жұмыстарға тоқталайық.

Маркстік-лениндік теорияны өздігімен үйренуші коммунистер үшін қалалық партия кітапханасы өз қызметкерлерінің және штаттан тыс консультацияшылардың көзқарасын ұйымдастырды. Мұндай жұмыстың қажеттігі консультацияларға мұқтаж коммунистердің кітапханаға көптеп келу фактісімен дәлелденіп отыр. Мәселен, облыстық аптека басқармасының меңгерушісі Макарова жолда кітапханаға жиі келіп, консультациялар алып тұрады. Жұырда оған В. И. Лениннің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген еңбегі жөнінде және «Социалистік революцияның лениндік теориясы» деген тақырып бойынша консультациялар берілді. Сондай-ақ, облыстық ауылшаруашылық басқармасының қызметкері Качалов жолда та капитализмнің және социализмнің саяси экономикасы жөнінде түсініктер алып отырады.

Алдағы уақытта біз консультацияларды одан әрі кеңейтуді, әсіресе бұл жұмысты бастаушы партия ұйымдарының өзін-

дары секретарларының көмегі, сөзсіз, қажет болады.

Өздігінен оқудың табысты болуында лекциялық насихат зор роль атқарады. Үстіміздегі оқу жылында қалалық партия комитетінің кітапханасында циклдер бойынша лекциялар оқу ұйымдастырылды. Мәселен, бізде СОКП тарихы, саяси экономия, совет мемлекетінің сыртқы саясаты және көзгі халықаралық қатынастар, өнеркәсіп орындарының экономикасы жөнінде белгілі расписаниеге сәйкес лекциялар оқылып жүр. Лекциялар циклінің календарлық жоспары жасалып, қала партия ұйымдарына таратылды.

Біз лекциялар циклін оқуды паровоз депосында да ұйымдастырдық. Мұнда паровозшылар үшін СОКП тарихы және көзгі халықаралық қатынастар жөнінде лекциялардың екі циклі оқылады. Көзгінің өзінде паровозшыларға арнап «РСДЖП-ның II съезі және оның тарихи маңызы», «СОКП тарихы—марксизм-ленинизмнің жүзеге асырылуы», «Социалистік революцияның лениндік теориясы», «ССРО сыртқы саясатының негізгі принциптері» деген тақырыптарда лекциялар оқылды. Бұларды тыңдауға көптеген коммунистер мен партияда жоқ жолдастар белсене қатысуда. Өйткені лекциялар идеялық дәрежесі жоғары, сапалы, әрі қызығарлықты оқылып жүр.

Лекциялар циклін оқу етконсерв комбинатында және қаланың басқа да кәсіпорындарында ұйымдастырылды.

Алайда мына бір жағдайды айта кету қажет: ұйымдастырылған лекциялар мен консультацияларға қатысушылардың саны әлі де аз болып отыр. Кейбір коммунистер күні осы уақытқа дейін маркстік-лениндік теорияны өздігімен үйренуге кіріскен жоқ. Олар теорияның қай тарауын, қандай әдебиеттерді оқу керектігін әлі ойластырмаған. Қалалық партия комитеті кітапханасының және бастаушы партия ұйымдары секретарларының міндеті мұндай коммунистердің саяси оқуға тезінен кірісулеріне көмектесу болып отыр. Лекциялардың табысты болуы мазмұнды оқытуында ғана емес, сонымен бірге олардың қалай ұйымдастырылатынына да байланысты. Егерде партия ұйымдарының секретарлары пәрменді жұмыс жүргізіп, коммунистерге лекция-

екендігін түсіндіріп отырса, лекция тыңдаушылардың саны артқан болар еді.

Кітапханада саяси және ғылыми әдебиеттерді насихаттау ісі де жолға қойылды. Мәселен, біз саяси және ғылыми кітаптардың көрмесін жасадық. Сондай-ақ СОКП тарихы курсының жеке тараулары, диалектикалық және тарихи материализм, саяси экономия және календарлық даталар бойынша тақырыптық көрмелер де ұйымдастырдық. Көрнекі етіліп «Насихатшылар мүйісі» жасалды. Мұнда партия тарихы, философия, саяси экономия жөнінде қажетті әдебиеттер, қаламыз бен облысымыздың және республикамыздың өмірінен бай материалдар жыйналған патшалар, таңдаулы насихатшылардың рефераттары бар. Сонымен қатар, әртүрлі мәселелер жөнінде газет, журнал мақалалары да жыйнақталды.

Үйірмелердің және саяси мектептердің насихатшыларымен, консультацияшылармен тығыз байланыс жасай отырып жұмыс істеу партия кітапханасының күнделікті әдетіне айналған маңызды іс болуға тиіс. Сондықтан да бізде олардың айына бір рет жұмыс істейтін семинарлар ұйымдастырылды. Семинарда маркстік-лениндік теорияның аса маңызды тақырыптары бойынша лекциялар оқылады. Сонымен бірге, оқуда насихатшыларға методикалық нұсқаулар да беріліп отырады. Белселеме біз насихатшылардың тәжірибе ауыстыру жөніндегі кеңесін, сондай-ақ, қала және қала партия ұйымының өміріндегі аса маңызды мәселелер жөнінде партия, совет басшы қызметкерлерінің баяндамаларын ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз. Біз әрбір насихатшының семинар жұмысына белсене қатысуына, олардың творчестволық жұмыс істеуіне, теорияны коммунистік құрылыстың практикасымен байланыстыра білуіне жетісуіміз керек.

Қалалық партия комитетінің кітапханасы насихатшыларға, консультацияшыларға және маркстік-лениндік теорияны өздігімен үйренуші жолдастарға жан-жақты, нақтылы көмекті одан әрі күшейте береді.

**М. ОЛЬШАНСКАЯ.**

Қалалық партия комитеті кітапханасының меңгерушісі.

## ФЕРМАДАҒЫ ПАРТИЯЛЫҚ-САЯСИ ЖҰМЫС

«Бұлақ» колхозы (Ленин ауданы) партия ұйымы коммунистерінің тең жартысы мал шаруашылығында жұмыс істейді. Мұның өзі мал өсірушілер арасында партиялық-саяси жұмысты жақсартуға мүмкіндік берді. Колхоз мал өсірушілері Октябрьдің ұлы мерекесін жаңа табыстармен қарсы алды.

Озат саушыны Ұрқия Бейсенбаева қарамағындағы 12 сыйырдың әрқайсысынан 1300 литрден сүт сауыды. Бақтаншылар Нұрлан Әлімжанов, Д. Мұхамедиев жолдастар малды жақсы жайылымдарға бағып, оның күйін арттырды.

Ішіншілер бригадалары (бригадирле-

рі Таймолдин, Мажеев жолдастар) жем шөп дайындау жоспарын артығымен орындады. Колхоз 2000 центнер шөп сатты. Мұның бәрі партия ұйымының басшылығының нәтижесі.

Партия ұйымы жақында мал қыстату маусымына өзіндіктің барысы жөнінде мәселе қарап, бұл жөнінде нақтылы шаралар белгіледі. Көзгі мал базаларына қысқа қажетті шөптің жартысынан астамы тасылып үйді. Үгітшілер Қоспанов, Аманжолов және Исаев жолдастар мал өсірушілер үшін дауыстап газет оқыды, әңгімелер өткізеді.

**Д. КОРНИЛОВ.**

тасы Бених жолдас мемлекетке 22 центнер астық сатты.

Сол сияқты «Новый путь» колхозының дала бригадасының бригадирі Кудашкин, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының жылқышысы Степанов, Ленин атындағы колхоздың қатардағы колхозшысы Б. Чергисбаев және басқалары әр қайсысы мемлекеттік сатып алу орындарына 7—10 центнерден астық сатты.

**А. СӘЛМЕНОВ.**

## Қажырлы еңбектің нәтижесі

Совет ауданындағы Аманкелді атындағы колхоздың мүшесі К. Досанов жолдасы колхозшылар құрметтейді және оны орынды мақтан етеді. Ол бұл құрметке жылық бағудағы өзінің көп жылғы қажырлы еңбегінің нәтижесінде ие болып отыр. Қарт жылқыны бірнеше жылдан бері жылқы басып көбейту, биолерді аман құлындату, алынған құлындарды шығынсыз өсіру жолында жазы қысы қанаймай еңбек етіп келеді. Өткен жылда Бөке қарт 17 биеден 17 құлын алып, оларды шығынсыз өсірді.

Досанов тәжірибелі жылқышы, ауылшаруашылық көрмесіне кандидат.

**М. МҰҚЫШОВ.**

## ШОПАНДАР ТАБЫСЫ

Үстіміздегі жылы «Қазақстанның 30 жылдығы» (Қонохов ауданы) шопандары табысты еңбек етті. Олар қой күтуді үлгілі ұйымдастыра отырып, алынған төлдердің аман сақталуына жетісті. Қойлардың күтімін дұрыс ұйымдастыру, олардың қондылығын жақсартып, қойлардың өнімділігін арттыруға мүмкіндік берді. Мұнда әрбір қойдан үш килограмм 380 граммнан жүн қырқылды. Бұл аудан бойынша ең жоғары көрсеткіш.

Колхоз шопандары қой қыстатуды да үлгілі өткізіп, келесі жылы бұдан да зор табысқа жету үшін күресуде.

**А. БАЛЖАНОВ.**

## САПАЛЫ ТҰҚЫМ

«Колос» ауылшаруашылық артелінің (Қонохов ауданы) мүшелері егіннен мол өнім алудың негізгі шарты жоғары сапалы тұқым дайындау екендігін ескере отырып, келесі жылдың егісі үшін жеткілікті мөлшерде сапалы тұқым дайындауды қызу жүргізуде. Көзгі мұнда 3200 центнер тұқымдық астық, оның ішінде 2300 центнер бидай тұқымы дайындалған.

**Д. ПАЗЫЛОВ.**

## СҮТ ТАПСЫРУ ЖОСПАРЫ ОРЫНДАЛДЫ

Аманкелді атындағы колхоздың (Преснов ауданы) мал өсірушілері сауын сиырлардың сүттілігін арттыра отырып, мемлекетке сүт тапсырудың жылдық жоспарын 9 айдың ішінде артығымен орындап шықты. Колхоз жоспар бойынша 1741 центнердің орнына 1757 центнерден астам сүт тапсырды және мемлекетке 115 центнер сүт сатты.

**Т. ТІЛЕУҚАБЫЛОВ.**

арттырып, өнім сапасын бұрынғыдан едәуір жақсартты. Мәселен, «1-май» кәсіпшілік артелі он айдың өндірістік программасын асыра орындап, біздің облысымызға тың және тыңайған жерлерді игеру үшін көмекке келген еліміздің патриоттарына жылы киімдерді көптеп тігуде. Өткен жылмен салыстырғанда артельде өнімнің мөлшері 20 процент, еңбек өнімділігі 20,6 процент арттырылды. Сол сияқты, тігіншілер коллективі бірталай мемлекет қаражатын үнемдеуге жетісіп, өнімнің өзіндік құнын жоспардағыдан 2,4 процент артық кемітті.

Қала кәсіпорындарының шығарып

## Озаттардың іс үлгісімен

СОКП Орталық Комитетінің тарихи қаулылары елімізде ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетудің негізгі программасын жасап, игерілмей жатқан тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен астық молшылығын жасауды совет адамдарының алдына басты міндеттердің бірі етіп қойды.

Міне, осы міндеттерді абройлы орындап шығу жолындағы күресте қаладағы шағын двигателдер заводының жұмысшы-қызметкерлері мен инженер-техниктері қажырлылықпен еңбек етіп, ауыл шаруашылығы саласына пайдаланылатын шағын двигателдерді көптеп шығаруда.

Завод коллективі үстіміздегі жылдың өзінде еңбек өнімділігін 2,2 процентке арттыруды, өнімнің өзіндік құнын 7,1 процент кеміту есебінен 165 мың сом қаржы олжа табуды, ал мотор жасаушылар 100 мың сомның өнімін артық шығаруды міндеттенген болатын.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін заводта ішкі резервтер мен сыртқы мүмкіншіліктер толық пайдаланылып, техника жаңалықтары мен өнертапқыштардың ұсыныстары өндірісте кең пайдаланылды. Соның нәтижесінде завод он айлық өндірістік тапсырманы 18 октябрьге дейін орындап, жоспардан тыс 1,5 миллион сомның өнімін шығарды.

Заводтың алдыңғы қатарлы коммунистері мен комсомолдері еңбек өнімділігін еселеп арттыруда және өнімнің өзіндік құнын кемітуде, өнім сапасын жақсарту беру жолындағы күресте алдыңғы сапта келеді. Коммунист слесарьлар Алпеев, Крылов, үлгі құюшылар Манников, Файзеев жолдастар өндірісте еңбектің озат үлгісін көрсетіп, сменалық тапсырмаларын үнемі 250—300 процентке дейін артығымен орындап жүр.

Үстіміздегі жылдың өткен он айы ішінде заводтың жұмысшы қызметкерлері мен инженер-техниктері 250-ден астам рационализаторлық ұсыныстар жасады. Осыдан 139 жаңалық ұсыныс өндіріске пайдаланылып, завод 350 мың сом мөлшерінде мемлекет қаржысын үнемдеді. Өнертапқыштар жасаған ұсыныстар нәтижесінде заводтың жасап шығаратын шағын двигателдердің конструкциясын біраз өзгертіп, оның сапасының да жоғары болып шығуына мүмкіндік туғызды.

Завод коллективі еліміздегі озат өндіріс орындарының үлгісімен жұмыс істеп,

міндеттемесін орындамады.

Қаладағы кәсіпорындары мен темір жол транспортының жұмыс жағдайы кәсіпорындарында, әсіресе, еңбек өнімділігін арттырып, өнім сапасын жақсарту беру қала кәсіпорындарының шаруашылық және партия, кәсіподақ ұйымдарының басшыларынан, жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлері арасында саяси-тәрбие жұмысын жақсарту беру жөнінде бұрынғыдан да көбірек табындылықпен жұмыс істеуді талап етеді.

**А. ГОЛОЗУБОВ.**

ҚНП қалалық комитетінің нұсқаушысы.

өнертапқыштардың жаңалықтарын өндіріске кезінен қолданды. Соның нәтижесінде, еңбек ұйымдастыру жұмысы да бірталай жақсара түсті.

Заводтың барлық жұмысшы-қызметкерлері мен инженер-техниктері, басқа да мамандары Ұлы Октябрь мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысқа ұштасып, жарыста игілікті табыстарға ие болды. Соңғы октябрь айында товарлар өнім шығарудың өндірістік жоспарын 109,4 процент, ал жалпы өнім 102,8 процент болып орындады. Еңбек өнімділігі 107,4 процентке дейін арттырылды. Өнімнің өзіндік құнын кемітіп, жұмсалатын материалдарды үнемдеу есебінен завод 288 мың сом олжа тапты. Жарыс күндерінде өндірістік тапсырманы 121 процентке орындап шыққан механикалық-жөндеу цехы (бастығы Иванов жолдас) заводтың құрмет тақтасына жазылды. Сол сияқты, айлық тапсырмаларын екі-үш есе асыра орындаған көптеген жұмысшылар ақпалай және заттай сыйлық алды. Олардың ішінде 1962 жылдың есебіне жұмыс істейтін Павел Тарабрин жолдас та бар.

Мәскеу қаласының алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының бесінші бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты өрістетуге шақырған патриоттық бастамасын заводтың барлық коллективі қызу еңбек майданында қарсы алды. Олар бұдан былайғы күндерде де советтік жаңа техника мен технологияны кең дамытып, өндірісті қоллаласты механикаландыру, оның ішінде көмекші процестерді механикаландыру әдісін қажырлылықпен енгізіп, өндірістігі озаттардың іс-тәжірибелерін кең тарату арқылы завод коллективі социалистік жарысты бұрынғыдан зор көлемде өрістетіп болады.

Мұнда өндіріс жұмыстарының бірлесіп жүргізілуіне жетудің, өнімді қатаң график бойынша бірлесіп шығарып отырудың және завод шығаратын өнімнің ең бастысы—Л—12/4, Л—6/3 шағын двигателдердің конструкциясын жақсартып, оны көп өндіруді негізгі міндет деп есептейді. Сөйтіп, москвалықтардың патриоттық үндеуіне өдерінің нақтылы істерімен жауап беріп, бесінші бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындап шығу үшін социалистік жарысты барған сәйіп өрістетіп түсуде.

**Ж. МҰҚАНОВ.**

## ТӨЗУГЕ БОЛМАЙДЫ

Сталин атындағы колхоз Преснов ауданында артель экономикасын өркендетуде артта қалып отыр. Партия ұйымының есеп беру-сайлау жыйналысы мұның себебін батыл ашты. Коммунистер партия ұйымының оның секретары Сазынов жолдасының колхоз өндірісіне ықпалды әлсіреткенін айтты.

Партия жыйналысы тек оқта-текте ғана өткізіліп, онда өндірістік және партиялық-саяси жұмыстың түбірлі мәселелері жан-жақты талқыланбады. Колхозшылар арасындағы саяси жұмыс шаруашылық міндеттермен ұштастырылмай, жалаң жүргізілді.

**С. ҚАНАФИН.**



# Тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуді тыңғылықты ұйымдастырайық!

## МТС-терде тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу ұйымшылдықпен жүргізілсін

Облысымыздың машина-трактор станциялары үстіндегі жылы трактор парктерін пайдалануды едәуір жақсартты. Өткен жылғы қарағанда быйғы 15 аттық күші бар әрбір трактормен жер анағұрлым көп жұмысталды. Осының негізінде көптеген МТС-тер ауылшаруашылық жұмыстарының негізгі түрлерін белгіленген мерзімде орындады. Тың және тыңайған жерлерді игеру, келесі жылдың егістері үшін пар мен зяб жұрту жоспарлары толық және артығымен орындалды.

Машина-трактор паркін өнімді пайдалануды қамтамасыз ететін маңызды шаралардың бірі тракторларды, ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жұмыстарын ойдағыдай өткізу болып табылады. Сондықтан да МТС-тердің механизаторлары мен жұмысшылары көзір осы мәселеге ерекше мән беріп, барлық күшті жұмылдыруға тиіс.

Быйғы қай МТС-тің болсын машина-трактор паркі жаңа техника есебінен толықтырылды. Атап айтқанда, МТС-тер 1954 жылдың ішінде ғана 2550 трактор (15 аттық күші бар трактор есебімен алғанда), 890 комбайн, 390 автомашина, 950 саязқа, 850 плуг, 500 культиватор көптеген басқа да машина-саймандар алды. Жаңадан алынған тракторлар негізінен тың және тыңайған жерлерді игеруге пайдаланылды. Сондықтан олардың көптеген тетіктері, бөлшектері өзінің іске жарамдылық сапасын едәуір кемітті. Сөйтіп, жөндеуге жататын тракторлар мен машина-саймандардың саны өткен жылдағыдан анағұрлым көбейді. Осыған қарамастан, көптеген МТС-тердің жөндеу базалары бұрынғы көлемде қалып отыр. Бұл жағдайлар жөндеу жұмыстарын едәуір қиындатады. Сол қиыншылықтарды жеңу үшін жөндеуші механизаторлардың еңбегін дұрыс ұйымдастыру, жөндеу материалдарын тиімді пайдалану керек болады.

Машиналарды жөндеу жұмысын табысты жүргізу үшін МТС-терге мемлекет тарапынан көп көмек көрсетіліп отыр. Көзірдің өзінде МТС мастерскойлары 60-қа жуық металл кесетін станоктар алды және олар күн сайын жаңа жөндеу жабдықтарын алуға. Мәселен, МТС-тер тракторлардың шынжыр табандарын қайта престейтін гидростендалар, майсорғыштардың, радиоторлардың, двигатель блоктарының жарамдылығын байқайтын стендалар, подшипниктерді тегістейтін станоктар тағы басқа құралдар алуға. МТС-терді қосалқы бөлшектермен қамтамасыз ету ісі едәуір жақсарды, оларды қаржыландыру жұмысы жолға қойылды. Сонымен бірге барлық МТС-тер білімді және тәжірибелі инженер-техниктермен нығайтылды.

Тимирязев атындағы, Соколов, Полу-

день, Петропавл, тасы басқа МТС-тер жөндеу мастерскойларын бұмен жылытатындай етіп қайта жабдықтады. Бірқатар МТС-тер бұрынғы мастерскойларды кеңейту, колхоздарда қосымша жөндеу пункттерін ұйымдастыру есебінен өздерінің жөндеу базаларын едәуір ұлғайтты. Жөндеу тораптарының жұмысын басқаруға маман механизаторлар іріктеліп алынды. МТС-тердің бас инженерлері, мастерской меңгерушілері жөндеу жұмыстарын тораптық әдіспен жүргізуді ескере отырып, жұмыс орындарын жоспарлады. Міне, мұның барлығы тракторлар мен басқа да ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жұмысын ойдағыдай жүргізуге мүмкіншілік береді.

Тракторлар мен басқа да ауылшаруашылық машиналарды жөндеуге ойдағыдай әзірліктен келіп, бұл жұмысты алғашқы күндерден бастап дұрыс ұйымдастырған МТС-тер көзірдің өзінде бірқатар табыстарға ие болып келеді. Мәселен, Ленин атындағы, Куйбышев атындағы, Булаев, Преснов, Байн МТС-тері тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеудің октябрь айындағы жоспарын толық орындады. Көзір бұл МТС-тердің жөндеуші-механизаторлары ноябрь айының жоспарын мерзімінен бұрын орындап шығу үшін еңбек өнімділігін еселеп арттыруда.

Дегенмен облыстағы көптеген МТС-тердегі тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жұмысының көзіркі барысы баяу болып отырғаны айта кетуіміз керек. Тіпті Ильич атындағы, Ойразцова, Семиполка, Асанов МТС-тері осы уақытқа дейін бірде-бір трактор жөндеген жоқ. Осыған қарамастан аталған МТС-тердің басшылары тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарды жөндеу ісіне қолда бар күш-мүмкіншілікті толық жұмылдыра алмай келеді. Олар кейбір дәлелсіз себептерді бетке ұстап, дәл бүгінгі күні атқаруға болатын жұмыстардың өзін кейінге қалдырып отыр.

Көптеген МТС басшыларының тракторларды, ауылшаруашылық машина-саймандарын жөндеу жұмыстарына мән бермеулерінің және бұл жұмысты кезекке қоюларының салдарынан трактор жөндеу жөніндегі октябрь айының жоспары облыс МТС-тері бойынша небары 31,4 процент ғана орындалды. Ал, бұл жөніндегі төртінші тоқсандық жоспар 10 ноябрьге дейін 10,2 процент ғана орындалып отыр.

Тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеудегі мұндай кемшіліктерге түзете болмайды. Сондықтан да МТС басшылары трактор жөндеуге МТС-тегі барлық механизаторларды толық қатыстыра отырып, жөндеу жұмыстарын қарқынды жүргізуді ұйымдастырулары керек. Бірқатар МТС-тердің басшылары

кейбір тракторларды осы уақытқа дейін МТС орталығына жеткізуді ұйымдастырмаған. Соның өзінде ол тракторлар қолхоз даласында босқа қарап тұр. Мұндай жағдайдың трактор жөндеу жұмыстарын қиындататынын ұмытуға болмайды. Сондықтан дала жұмыстарынан босаған тракторларды МТС орталығына жеткізуді және оларды жақсы жабдықтаған орындарда сақтауды қамтамасыз ету қажет.

Жөндеу жұмыстарында қосалқы бөлшектерді, жөндеу материалдарын ұқыпты пайдалану басты міндет болып табылады. Сондықтан МТС-тердің инженерлері мен техниктері жөндеу материалдары ретінде ішкі резервтерді толық пайдалануды қарастырулары керек. Сонымен бірге мастерскойлардағы жөндеу станоктерінің күшін толық пайдалануды ұйымдастырулары қажет.

МТС басшылары, әсіресе жөндеу жұмысының сапалы болуына ерекше назар аударып отыруға міндетті. Өйткені, әрбір машинаның жұмысқа жарамды болуы оны жөндеудің сапалы жүргізілуіне байланысты.

Еңбектің дұрыс ұйымдастырылмауы МТС мастерскойларында жиі кездесетін кемшіліктердің бірі болып келеді. Бірқатар МТС-терде жөндеу жұмысы тораптық әдіс бойынша ұйымдастырылмайды. Жөндеуші механизаторларға еңбек өнімділігін, жұмыс сапасын арттыру жөніндегі озат әдістер кеңінен таратылмайды. Мұның өзі тракторларды жөндеу жұмысының өте ұзаққа созылуына негізгі себептердің бірі болып жүр. Бұл жағдайды болдырмау үшін МТС директорлары мен бас инженерлері жөндеу жұмысына прогрессивтік, тораптық әдістерді кеңінен енгізуді өз қолдарына алуға міндетті.

МТС партия ұйымдары жөндеуші механизаторлардың өзара социалистік жарысын ұйымдастырып, оны күнбе-күн басқарып отырулары керек. Күндік тапсырмаларын толық және асыра орындап жүрген механизаторлардың іс тәжірибесі кеңінен таратылатын болуға тиіс. Сонымен бірге партия, комсомол ұйымдары механизаторлардың мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсартуға үнемі назар аударулары қажет. Сөйтіп, әрбір МТС-те тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуді кезінде аяқтауды қамтамасыз ету керек. Тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуді мерзімінде және жоғары сапада өткізу — ауыл шаруашылығының онан әрі өркендете беру жолындағы күреске қосқан бағалы үлес болып табылады.

**И. БЫБА.**

**Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы, МТС басқармасының аға инженері.**

## Тың жерлерді онан әрі игеру үшін

Булаев МТС-нің механизаторлары СОБН Орталық Комитетінің февраль-март және июнь пленумдарының қаулыларын зор қуанышпен қарсы алып, тың және тыңайған жерлерді игеруде елеулі еңбектер етті. Жоспар бойынша 17400 гектардың орнына 20 мың гектар тың және тыңайған жер жұртты. Сөйтіп, 1955 жылдың егісі үшін 40 мың гектар пар мен зяб әзірленді. МТС бойынша трактор жұмыстарының жылдық жоспары 18 мың (шартты жұрту есебімен) гектар артық орындалды.

Жер жұмыстауда трактор бригадаларының көпшілігінде коммунистер болды. Олар әсіресе тың жерлерде қажырлылық көрсетті. Трактор бригадасының бригадирлері коммунистер: Цеганков, Савченко, Сүйіндіков, Нистун, Яшек жолдастар жыл бойына жұмыс қарқынын бірде бәсеңдетпей, әр тәуліктің нормаларын 125 проценттен 175 процентке дейін жеткізіп отырды.

Көзіркі кезде МТС механизаторлары қол жеткен табысқа қанағат етпей, алдағы жылы бұдан өнімді еңбек ету үшін, тың жерлерді мол көтеріп, астық молшылығын жасауға өз үлестерін қосу мақсатымен, барлық ауылшаруашылық машиналарын толық жөндеуден өткізуді қолға алды. МТС-те тракторларды, комбайндарды, шөп машиналарын тағы басқа да ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жұмысы күні-түні бірдей жүргізіледі. Осының нәтижесінде көзір 13 трактор, 12 комбайн, 60 саязқа толық жөндеді.

Мұнда бригадалар арасында социалистік жарыс кең өріс алды. Жарыс қорытындылары күнбе-күн шығарылады. Көзір бұл жарыста үздік алды келе жатқан Майборода мен Бреславский жолдастар басқаратын бригадалар болып отыр. Бұл екі бригада көзірдің өзінде 7 тракторды толық жөндеуден өткізді. Ал коммунист комбайншылар Н. Гузь, Ғ. Мүсілімов жолдастар күндіз нормаларын 200-250 проценттен орындап келеді. Сол сияқты МТС-тің таңдаулы ұстасы Вольф, электрмен болат балқытушы Рыбаков жолдастар күндіз нормаларын 2-3 есе орындайды. Ал осындай озаттардың саны МТС-те 60-тан асып отыр.

**В. НИЛЕЙНИКОВ,**

**Булаев МТС бастауыш партия ұйымының секретары.**

## ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Возвышен совхозының механизаторлары тракторлар мен басқа да ауылшаруашылық құрал-саймандарын күзгі-қысқы жөндеу жұмысына ойдағыдай әзірлікпен келіп, көзір оны үлгілі жүргізуде. Тракторларды жөндеуге механизаторлардың балық көпшілігі қатысады. Олар өзара социалистік жарысты өрістете отырып,

## К И Н О

# „ЖЕР“

1894 жыл Украинаның бөлінбес бір бөлімі Буковина Австро-Венгрия империясы өзүшлерінің қоластында азап шегуде. Буковина халқының өміріндегі бұл ауыр кезең Украинаның талантты жазушысы О. Кобылянскаяның «Жер» атты повестінде шынайы әрі өте әсерлі суреттелген. Шығарманың негізіне Дымка селосындағы бір шаруаның семьясында болған шындық оқыға алынған.

...Қарт шаруа Ивоника Федорчук пен оның әйелі Мария Михайло мен Савва атты ұлдарын өмір ауырталығына қарамастан мәңгелен өсіреді. Олар ұлдарын өздерінің бақытты болашағы, үміті деп санайды. Үлкен ұлы Михайло — селоластарының құрметі мен сүйіспеншілігіне бөленген, адал жанды, ақ көңіл жас жігіт. Ол кедей шаруаның қызы Аннаны сүйеді, сүйген жарымен бірге бақытты өмір сүруді арман етеді. Федорчуктың кіші ұлы Савваның мінезі Михайлоға қарама-қарсы. Ол ұнамсыз істермен айналысып жүрген Рахира деген әйелдің ықпалына түскен. Михайло ата-анасымен бірге ауыр еңбекті басынан кешіріп жүрген кезде Савва бос жүреді, пайдасыз істермен айналысады. Қарт Федорчук қайтыс болғаннан кейін еңші Михайлоның қармағына көшеді деген қызғанақтық ой оны Михайлоны жөк жеру сезіміне бөлейді. Ал Рахираның «Михайло болмаса екең мүлкіне сен қожа болар едің» деген сөзі Савваны өзінің туған ағасын өлтіруге итермелейді.

Михайлоның өлімі село тұрғындарын өте толқытады, бақытсыздыққа ұшырап, сүйікті ұлынан айрылған қарт ата мен ананың қайғысы да өте ауыр. Олар Михайлоны өлтірген Савва екендігін біле отырып, оны жазалауға қыймайды. Сонымен бірге Савваға еңші де бөлін бермейді. Бұдан кейін Савва туған үшін, ата-анасын тастап Рахираның үйіне кетеді. Қамқоршы ұлдарынан айрылып, жалғыз қалған қарт шаруа сұм заманның ащы қасыретін одан әрі басынан кешіреді. Сөйтіп қаншама қажырлылықпен еңбек етсе де не әкесінің, не балаларының бақытты өмірге қолы жетпейді. Мұндай жағдай жалғыз Федорчуктың семьясына ғана тән нәрсе емес, сол кездегі барлық кедей шаруалардың көрген күні осы еді. Бұл жағдай шығармада да айқын ашықпаған.

Көзір облысымыздың экрандарында табысты жүріп жатқан Киев киностудиясы жасап шығарған «Жер» кинофильмі міне, осы шығарманың мазмұнына құрылған. Фильмде Киев және Черновиц драма театрларының артистері түсірілген. Советтік Буковинаның алғашқы рет құрылған Черновиц театры Кобылянскаяның «Жер» повесін елімізде бірінші болып сахнаға қойған болатын. Украин ССР-нің халық артисі В. Сокирко алғаш қойылған күннен бастап Ивоника Федорчуктың ролінде ойнап келеді. Ол фильмде де Ивониканың жарқын, есте қаларлықтай образын жасай алған. Ауыр мінезді, еңбекке деген ынтасы зор Ивоника барлық шын ниетімен жерді жақсы көреді. Ол үшін жер күн көрістің ең негізгі бү-

сандылық көрмейді. Ақтер бұл трагедиялы сценаны асқан шеберлікпен бере білген.

ССРО халық артисткасы Н. Ужбий Марианың ролін ойнауда өзінің жан-жақты сахна шебері екендігін тағы да бір танытты. Мария-Ужбий — сүйікті ұлының өліміне қайғырған ана, оның бойы Михайлоны өлтірушіге деген өшпенділікке толы. Ана жүрегі көпті сезеді, бақытты болашаққа көміл сенеді. Сондықтан да Мария-Ужбийдің осындай қайғылы минутта да кейінгі ұрпақтарға бақытты өмір, жарқын болашақ тілеуі орынды да, әрі заңды да. Ана сенім алданған жоқ. Көзір Солтүстік Буковина барлық халқымызбен бірге коммунизм құрылысына белсене қатысуда.

Артист С. Феценконың орындауындағы Михайлоның образы ешбір жасандылықсыз, шынайы шыққан. Феценко еңбексүйгіш, ішкі сезім ата-анасына, сүйген жары Аннаға деген сүйіспеншілікке толы, рухани дүниесі бай жас жігіттің образын жасап, өзінің творчестволық дүрыс жолда екендігін байқатты. Ал артист П. Грубник жасаған Савваның образы сұм заманның қысымына төтеп бере алмай, теріс жолға түскен адамның бейнесін айқын көрсетеді. Савваның образы ең алдымен қан ішкіш, жеңсурын адамның бейнесі емес. Оны мұндай жолға түсірген сол өзі өмір сүрген орта. Бірақ бұл жағдай фильмде толық ашылмаған. Артистің шебер ойыны да мұны толықтыра алмайды. Сондықтан зрительдер Савваның нашар қасиеттері қалай қалыптасқандығын көре алмайды. Өйткені фильмнің сценарийінде (сценарийін жазған А. Швачко) бұл мәселеге көңіл аз бөлінген.

Сценарийдің кемшілігінен Рахираның (артистка В. Беспологова) образы да солғын шыққан. Рахираның шыққан тегі, оның қандай адам екендігі күнтірт. Фильмде шеңіл аударатын образдардың бірі Аннаның образы. Артистка Т. Алосеева бұл образды беріле ойнап, нанымды жасауға жетіскен. Анна қиырқисіз таза махаббатын тек Михайлоға ғана арнайды. Өзінің сүйген адамы үшін қолында бар барлық көмектерін алмайды. Алайда жас артистканың өз героинының ішкі сезімдерін әлі де толық жеткізе алмайтындығы байқалады. Бұл кемшілік әсіресе Аннаның Савваны әшкерелеген кезінде көрінеді.

Әсерлі шыққан образ — Парасаның ролін орындаған жас артистка Н. Наумның артистік өнерінің дұрыс қалыптасуына келе жатқандығы байқалады. Ол өз еркінен тыс сүймеген адамына күйеуге шыққан бақытсыз қыздың бейнесін шебер жасаған. Сол сияқты, Украинаның еңбегі сіңген артистері Е. Киселева, П. Михневич жолдастардың орындауындағы Докия, Онуфрий образдары бір келжі төуір шыққан.

Фильм жұртшылықты Буковина халқының бай искусствосымен кеңінен таныстырады. Ұлттық әдет-ғұрыптар, көпшілік өндері мен билері мұнда орынды қолданылған. Фильмнің музыкасы (композиторлар В. Гомоляк және В. Крыжановский) экрандағы оқығамен үйлес-



## Жаңа жігермен

Баян МТС-нің (Преснов ауданы) механизаторлары тың жер игеру және келесі жылдың егісі үшін зияб дайындау жоспарын асыра орындап, зор табысқа ие болды. Олар жоспар бойынша 24270 гектардың орнына, 24538 гектар зияб жыртып, 22801 гектар тың жер көтерді.

МТС механизаторлары кәзір тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуде қажырлылықпен еңбек етуде. Мәселен, МТС-тің тандаулы тоқарі Зверев жолдас өзінің күнделікті тапсырмасын 225-250 процент орындап, еңбектің тамаша үлгісін көрсетіп жүр.

**Ж. ҚАЙРАТОВ.**

## ҚЫЗЫЛ ТУЛЫ БРИГАДА

Жақында Полудень ауданындағы Ново-Георгиев МТС-і трактор бригадаларының жылдық тапсырмаларды орындауына қорытынды жасады. Қорытындының нәтижесінде Никитин жолдас басқаратын № 16 комсомол-жастар трактор бригадасы бірінші орынға ие болды.

Бұл трактор бригадасы быйыл «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында жұмыс істеді. Бригададағы механизаторлар трактор қуатын жұмысқа өнімді пайдалана отырып, трактор жұмыстарының негізгі түрлерін МТС-тің колхозбен жасасқан шартында көрсетілген мерзімде, сапалы орындауға жетісті.

Механизаторлар бригадалары 15 аттық күші бар әрбір трактормен 622 гектар жер жұмыстады. Осы жұмыстардың есебінен көп жанар май үнемдеді.

МТС дирекциясы мен партия, кәсіподақ ұйымдары трактор қуатын пайдалануда жоғары көрсеткіштерге ие болғаны үшін Никитин жолдас басқарған комсомол-жастар трактор бригадасына МТС-тің Ауылшаруашылық туын тапсырды. Кәзір бригада мүшелері тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жұмыстарына белсене қатысып, оны қызу жүргізуде.

**Б. ЖАРҚЫНОВ.**

## Мал фермаларындағы жұмыстарды механикаландыру

Мал шаруашылығын өркендету жөнінде партиямыз бен үкметіміз белгілеген шаралардың ішінде ауыл шаруашылығының бұл саласын механикаландыру үлкен орын алады. Колхоз фермаларын кеңінен механикаландыру ісі 1949 жылдан басталды. Күсқа уақыт ішінде көптеген колхоздар машина-трактор станцияларының көмегі мен көзін өзінде едәуір жұмыстар жүргізді. Кәзір 35 мың фермада механикаландырылған су жабдықтары бар, 15 мың мүйізді ірі қарамал фермасы автомат суарғышпен қамтамасыз етілген, 5,5 мың фермада сыйыр сауу механикаландырылған, 5,2 мың ферма ішкі транспортпен жабдықталған. Жеміш өңдеуді механикаландыру ісі кеңінен қолданылуда. Өткен жылы 43 миллионнан астам қой электр агрегаттарымен қырқылды.

Мемлекет фермалардағы еңбекті көп керек ететін негізгі жұмыстарды тез механикаландыру үшін колхоздарға барлық жағдайды жасап отыр.

Үстіміздегі жылы заводтар колхоздар үшін 34 түрлі машиналармен жабдықтар жасап шығарады. Бірінші рет мал азығын ұнтақтайтын универсалды ДКУ-1,2 машинасы, РСБ-3,5 сабан мен сүрленетін шөп турағыш, жеміш өзірлейтін КПК-1,5 агрегаттары шығарылатын болады. Бұл қарточты жуады, турайды, буландырады және ұнтақтайды, сол сияқты, оны ардастырады. ТК-0 овоць транспортерлері, сыйыр сауатын жылжымалы ПДУ-1 станоктары және басқалары да бірінші рет өндіріледі.

МТС-ке су жолдарын салу кезінде орлар қазуға арналған азымы үлкен ЭТ — 251 экаваторларын, құдықтар қазатын КПК—25 машиналары мен 6 қырқықтығы мен бірдей қой қыратын агрегат келіп түсуде. МТС-тердің біразы жел двигателдерін монтаждау үшін арнаулы жабдықтармен, құрал-саймандармен жабдықталған жылжымалы жөндеу мастер-скайларын алады.

Мал фермаларын механикаландыру бұл

салала жұмысын күшінің жұмсалымын азайтады, еңбекті жеңілдетеді, оның мәдениетін арттырады, мал азығы ресурстарын жақсы пайдалануға және мал шаруашылығы өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сталин облысы, Авдеев МТС-і өзінің қамтуындағы 10 колхоздың барлық мал фермаларын механикаландыруды кәзірдің өзінде аяқтады. Мұнда 40 электр двигателі насосымен мал қораларына су береді, 17,6 километрге сырттан су проводтары жүргізілген, барлық мүйізді ірі қарамал фермаларында автомат суарғыш пайдаланылады. Мал азығын өзірлеуді механикаландыру үшін 130-дан астам жеміш өңдейтін машиналар орнатылған. 15 сыйыр қорасында сыйырларды машинамен сауу ұйымдастырылған, монтаж бригадасының күшімен 10 фермада жерге жол салынған және аспалы жолдар орнатылған.

Орлар қазу үшін Авдеев МТС-нің механизаторлары шөміші бар плуг пен тракторларды қолданады. Олар 23 жеміш буландырып өзірледі және азықтық унды малға беруге өзірлеу үшін РКС—12 шөп турағыш жабдықтаған. Машиналарды монтаждау үшін МТС бригадасы көптеген детальдарды бұрғылы станокпен балқытатын апаратын және қажетті құрал-саймандармен жабдықталған өздерінің жылжымалы мастерскайларында дайындайды.

Мал фермаларын механикаландыру жөнінде Свердлов облысының Арамилык МТС-і үлкен жұмыстар жүргізген. Ол екі қамтытын 11 колхоздың барлығында малды сумен қамтамасыз етуді, сыйыр саууды және жемішті буландыруды механикаландырды. Станция механизаторлары колхоздарда мал азығын өңдейтін 58 машина, 60-тан астам электр двигателдерін орнатты, 11 су қоймаларын салды. Екі колхозда — Ленин атындағы және Свердлов атындағы колхоздарда жеміш цехы жабдықталған. Арамилык

МТС-і механизаторларының көмегімен колхоздарда бар сыйыр сауатын ұстанып қалар жазғы маусымда сыйырларды жайылымдарда саууға бейімделген.

Мал фермаларындағы жұмыстарды механикаландырудағы алдыңғы қатарлы МТС-тердің қатарына Полтавск облысының Полтавск МТС-ін, Одесс облысының Котовск МТС-ін, Пенза облысының Кузнецк МТС-ін, Калинин облысының Приволжск МТС-ін және басқаларын қосуға болады.

Кузнецк МТС-нің механизаторлары күсқа уақыт ішінде 8.500 метр жерде су проводтарын салу үшін ор қазуға мүмкіндік берген С—65 тракторына орнатылған аспалы ор қазғышты өздері жабдықтап, дайындады. Әрбір ор қазғыш жер қазуда 50-ге жуық адамның жұмысын атқарады.

Мал фермаларын механикаландыру үшін машиналар мен жабдықтар жасау жөніндегі колхоздар мен МТС-тердің тәжірибелері назар аударарлықтай. Сумск облысында Ахтырск МТС-нің механигі М. Каренко, бұрғы мастері Советов жолдас-тардың ұсыныстары бойынша труба тәрізді қыймалы құдықтар салу жұмысын жайлай бастады. Облыстың өнеркәсіп ұйымдарының көмегімен үстіміздегі жылы кемінде мұндай 700 құдық дайындалады. Олардың құрылысында кәзір МТС-тің 98 бригадасы жұмыс істейді. Тереңдігі 30-40 метрлік бір құдықты бригада әдетте он күн ішінде салып бітіреді. Сонымен, Сумск облысында 1-2 жыл ішінде малды сумен жабдықтау ісі барлық колхоздарда механикаландырылады.

Малды жайылымдарда сумен қамтамасыз ету мәселесі Қазақ ССР-інде ойдағыдай шешілді. В. И. Ленин атындағы Вүжілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясының қазақ филиалының ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру институты кәзір Семей механикалық заводында дайындалатын жыйналмалы ДДК—4 жел двигателін жасады. Бұл жел двигателі тереңдігі 25 метрлік құдықтан су тартуға мүмкіндік береді. Желдің орта жылдамдығы жағдайында жел двигателі бір сағат ішінде 2.000—2.500 қойды суаруға жететін су тартады.

Украинаның бірқатар колхоздарында МТС пен колхоздардың күшімен дайындалған жоғары өнімді сабан турағыштар пайдаланылады. Сталин облысы, Селидовск ауданы, Қызыл Армия атындағы колхозда сабанды турап, ұнтайтын, оны үгіндіге айналдыратын қуатты сабатына біржарым тонна жеміш өңдейтін сабан турағыш жұмыс істейді. Марьинск ауданы, Қызыл Армия атындағы колхозда және Сталин облысы, Авдеев ауданының колхоздарында қуаттылығы сабатына 2,5-3 тонна жеміш турайттын машина жұмыс істейді.

Сталин облысының кәсіпорындары Погорельск системасында 500-ден астам жу жыйнағыштар жасады. Старобешевск ауданы, Сталин атындағы колхозда мұндай агрегат 700 шоңқа үшін жеміш өзірлейтін цехты бұмен қамтамасыз етеді, ыдыс-аяқ жуу үшін су жылытады, жуынатын бөлмешеге және автоматты жаспаларды жөндейтін камераға бу жібереді.

Киев, Сталин, Киров облыстарының колхоздарында буландырып жеміш қолданылады. Оның құрылысы онша күрделі емес: бричканың үстіне көлемі астық тасу үшін пайдаланылатын жөшіктен үлкенірек жөшік орнатылады. Жөшіктің түбіне шар айыратын труба және ағаш тор салынады. Буландырып-жөшікке су мен ылғалданған, туралған сабан толтырыла салынады да, беті жылдастырыла жабылады. Бұдан кейін буландырып жеміш цехына өкәлінеді де, резинкалы шлангтің көмегімен ажыратқыш труба бу жыйнайтын трубамен жалғастырылады. 30-40 минут ішінде азық толық буландырылып болады. Бұдан кейін буландырып-жөшік дайын азықты малға беру үшін мал қораларына апарылады.

Алдыңғы қатарлы МТС-тердің тәжірибесі мал фермаларындағы жұмыстарды кеңінен механикаландыру үшін колхоздарда қандай орасан зор мүмкіншіліктердің бар екендігін айқын көрсетеді.

**С. ГЕРАСКЕВИЧ,**

ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігінің мал шаруашылығындағы жұмыстарды механикаландыру басқармасының бас инженері.

көрмейді, оны жақсы жөрмеуге кімнің правосы бар?» дейді ол. Бірақ ол жерді кімнің қолында екендігін, өзінің ауыр еңбегінің қызығын кім көріп жатқандығын анық біледі. «Сендерге ақ нан тауып беріп отырған мына біздің қара қолымыз»,—дейді Ивоника кедей шаруаларды адам деп санамайтындарға. Зрителдер Михайло кәйтис болған кездегі оның көздеріндегі шексіз қайғыдан, әжелік торығудан, өшпенді ызадан ешқандай жа-

көріністері де шынайы, әсерлі түсірілген. «Жер» кинофильмі Буковинаның XIX ғасырдың аяқ кезіндегі ауыр өмірімен таныстыратын құнды шығарма. Киев киностудиясы бұл фильмді жасай отырып, совет киноискусствосына келелі үлес қосқан.

**Н. НАЙДЕНОВ.**

Облыстық драма театрының артисі.

## Интернаттағы тәрбие жұмысы

Баян орта мектебі Преснов ауданындағы ірі мектептердің бірінен саналады. Мектеп жанында интернат жұмыс істейді. Үкметіміз интернатта тәрбиеленушілердің сабаққа үлгілі өзірленуі және мәдениетті түрде тынығуы үшін толық бөліп келеді. Быйылғы жылдың өзінде ғана интернат үшін мыңдаған сом қаржы босатылды. Кәзір интернатта 5-10 класс оқушыларынан 65 оқушы тәрбиеленуде. Интернат меңгерушісі К. Тілеубаев және тәрбиешілер С. Ибрагимов, Ш. Есмағамбетов жолдасар олардың арасындағы тәрбие жұмыстарын дұрыс ұйымдастырып, барлық мүмкіншіліктерді оқушылардың жақсы тәрбие алуына жұмсауға тиіс еді. Алайда интернаттағы тәрбие жұмыстарының барысы бұған жерісінше болып отыр.

Мұнда интернаттың жартыжылдық тәрбие жұмысының жоспары бар. Бірақ жоспар өте қанағаттанғысыз жасалған. Жоспарда оқушыларға политехникалық тәрбие беру, ғылыми-атеистік тәрбие мәселелері қамтылмаған. Тәрбиеленуші қыздар арасында ешқандай жұмыс жүргізілмейді. Тіпті жоспарда көрсетілген шаралардың өзі толық орындалмайды. Мәселен, жоспар бойынша аптасына екі рет саяси информация жасалып отырылуға тиіс болса, ол әлі күнге бірде-бір рет өткізілмеген. Оқу жылының басынан бері интернатта тәрбие тақырыптарына лекция оқып, баяндама жасау ұйымдастырылмаған.

Тәрбиеші Ш. Есмағамбетов жолдас өз қарауындағы оқушылармен бірте-бір рет өңгіме өткізбеген, олардың сабақтарына қатысып, қалай үлгеріп жүргендіктерін анықтамаған. Оқушылардың сабаққа дайындалуына қатаң бақылауды жоқтығы салдарынан интернатта тәрбиеленуші 65 оқушының 23-і бірінші топ-санның қорытындысында нашар баға алды. Ал үлгермеушілер үшін қосымша са-

бақтар өткізу, жолдастық көмектер ұйымдастыру мұнда ұмыт қалған.

Интернат тәрбиешілері өздерінің білімдерін арттырумен шұғылданбайды. Есмағамбетов және Ибрагимов жолдасардың педагогтік қызметтері он жылға жуық болса да, әлі күнге педагогикалық училищенің екінші курсына сырттан оқып жүр. Оның үстіне олар әдіс ауыстыру бірлестігінің жұмысына қатыспайды. Интернатта тәрбие жұмысының нашар ұйымдастырылуына мектеп дирекциясы да (директоры Т. Майлин жолдас) кінәлі. Мектеп пен интернат арасында ешқандай байланыс жоқ. Оқытушылар интернатқа келіп, оқушылармен өңгімелеспейді, олардың өтініш-тілектерімен танысып отырмайды.

Интернатта оқушылардың күнделікті тұрмыс қажеттеріне де көңіл аз бөлінген. Жатақхана бөлмелерінің жағдайы санитарлық ереженің талаптарына сай емес. Оқушылардың төсек-орындары мен киімдері мезгілінде ауыстырылып отырылмайды. Ал кейбір оқушыларға жастық тыстары мен простынялар да берілмеген.

Тәрбиеленушілер қысқы киімдермен қамтамасыз етілмеген. Олар үшін өзірленген тағамдардың сапасы нашар, оның өзі дұрыс берілмейді. Мәселен, 24 октябрьдегі документ бойынша өсімдік майы берілуге тиіс. Бірақ ол берілмеген. Тәрбиеленушілер үшін овоць, жеміс тағамдары дайындалмаған.

Баян орта мектебінің интернатындағы мұндай кемшіліктер Преснов аудандық оқу бөліміне де белгілі. Бірақ аудандық оқу бөлімі бұл кемшіліктерді жою үшін ешқандай шара қолданбай отыр. Аудандық оқу бөлімі, оның меңгерушісі Мақсатов жолдас интернат жұмысын жақсартуды дереу қолға алуға міндетті.

**С. ТАНАҚҰЛОВ.**

Облыстық оқу бөлімінің инспекторы.

## „Ленин туының“ дабылынан кейін

### „ӨЗДЕРІНІҢ ҚАМЫ ҮШІН“

Газетіміздің осы жылғы 20 августтағы номерінде «Өздерінің қамы үшін» деген мақала жарияланды. Онда Совет аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі Губарев жолдас ақыл-парасатын қолданып, кинолардың машиналарын өз мақсатына пайдаланып жүргендігі, аудан колхоздарында кино көрсету ісінің нашар екендігі айтылғанды.

Облыстық мәдениет басқармасының киноландыру бөлімі редакцияға тілші хатында көрсетілген фактілер тексерісте анықталды деп хабарлады. Аудандық мәдениет бөлімінің жұмысына жанды басшылық жасай алмағаны үшін Совет аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқомінің қаулысы бойынша Губарев қызметінен босатылған.



### БҰҰ Бас Ассамблеясының IX сессиясы

Саяси комитетте

НЬЮ-ЙОРК, 11 ноябрь. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Кеше Саяси комитеттің таңертеңгі мәжілісінде атом қаруын бейбіт мақсаттарға пайдалану туралы мәселе жөніндегі жалпы дискуссияның жалғасы болды. Бұл мәжілісте сөз сөйлеген Оңтүстік Африка Одағының, Филиппиннің, Жаңа Зеландияның және Австралияның өкілдері атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалану жөнінде халықаралық агенттік құру және атомшы ғалымдардың арнаулы техникалық конференциясын шақыру идеяларын қолдаған пікір айтты.

Оңтүстік Африка Одағының делегаты атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалану туралы мәселе жөнінде АҚШ пен ССРО арасында жүргізілген келіссөздердің әзірше жақсы нәтижелерге жеткізбегеніне қыжылатынын білдірді. Бірақ бұл факты, деді Оңтүстік Африка Одағының өкілі, түпкілікті нәтиже деп қаралмай, тек мәселеге сақтықпен қараудың белгісі ғана деп қарауға тиіс. Ол барлық мүдделі мемлекеттерді талқыланып отырған мәселе жөнінде жалпы келісімге жетуге шақырды.

Филиппин өкілі Ромуло атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалану жөніндегі бұқпалы жұмысты Біріккен Ұлттар Ұйымымыз барынша тығыз байланыста жүргізу қажет екенін атап көрсетті.

НЬЮ-ЙОРК, 12 ноябрь. (СОТА). Саяси комитеттің кеше күндізгі мәжілісінде атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалану туралы мәселе жөніндегі жалпы дискуссияның жалғасы болды. Дискуссияда сөз сөйлеген Данияның, Венесуэла және Косто-Риконның өкілдері жеті ел ұсынған қарар жобасын жақтай дауыс беретінін мәлімдеді.

Данияның делегаты Андерсен бұл қарар жобасын қару-жарақты азайту және атом қаруына тыйым салу проблемасына

Филиппин делегаты 1954 жылғы 6-ноябрьдегі салтанатты мәжілісте баяндама жасаған М. З. Сабуровтың атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалану ісінде ССРО-нің жеткен табыстары туралы және атап айтқанда, ССРО-да атом қуатымен жұмыс істейтін дүние жүзіндегі тұңғыш электр станциясының іске қосылғаны туралы айтқан сөздерін келтірді. Филиппин делегаты атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалану жөніндегі талқыланған отырған жоспарды жүзеге асыруға Совет Одағы үлес қосады деген үміт білдірді.

Жаңа Зеландияның өкілі былай деп мәлімдеді: құрылғалы отырған халықаралық агенттіктердің міндеттері практикалық пікірлер бойынша алғашқы кезеңде кіші-тірім ғана болуға информация алысу, мамандар даярлау, ал кейініректе ғылыми мақсаттар үшін атомдық реакторлар салу болуға тиіс.

Кешкі мәжілісте шығыс сөйлеген делегаттар, талқыланған отырған мәселе жөнінде бұдан бұрын пікір айтқан өкілдердің көпшілігі сияқты, атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалануды арттырудың, егер атом қаруына тыйым салынбаған күнде, жаншай қырып-жойатын қару өндіруді арттыруға қарсы көпшілік бола алмайтыны жөнінде үндеместен өте шықты.

\*\*\*

қатысы жоқ деп атап көрсетті, өз елінің үкіметімен халқы бұл проблеманың шешілуін күттықтасаң болар еді деп мәлімдеді. Сонымен бірге Данияның өкілі атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалану жөніндегі арнаулы орган, қарусыздандыру туралы мәселенің шешілуін күштен мүмкіндігінше тезінен құрылысын деген пікір айтты, өйткені бұл мәселені шешу, оның айтуынша, көп уақыт әрекет етеді.

Бұл мәжілісте гоминданьдық та сөз сөйледі.

#### Советінде

«Хауіпсіздік Советі «Бас Галиммен» болған жанжал туралы уақытша бітім жөніндегі Аралас комиссияның баяндамасын өзі қанаан алғанға дейін бұл жанжалды оған әрі талқылауды тоқтата тұруға ұйғарды, ал Совет бұл баяндаманы ноябрьдің аяғына дейін аламыз деп үміттенеді. Совет уақытша бітім жөніндегі Аралас комиссияның председателі шағымдарды қарау тәртібін белгілеуге тиіс деп санайды және «Бас Галиммен болған жанжал маңызы кемірек шағымдардан бұрын қаралуға тиіс деп санайды».

Председателдің ұсынысын Совет дауысқа қоймастан қабылдады.

Осымен Советтің мәжілісі жабылды.

### ССРО мен Франция арасында өзара товармен жабдықтау туралы протоколға қол қойылуы

ПАРИЖ, 11 ноябрь. (СОТА). Келіссөздердің аяқталуы нәтижесінде 10 ноябрьде Парижде ССРО мен Франция арасында 1954 жылдың бірінші июлінен бастап, 1955 жылдың 31 декабріне дейінгі мерзім ішінде өзара товармен жабдықтау туралы протоколға қол қойылды.

Протоколда товармен жабдықтаудың өткен жылдармен салыстырғанда едәуір ұдайытылуы қарастырылған.

Совет Одағы Францияға экспортқа мұнай мен мұнай өнімдерін, антрацит, целлюлозаны, марганец рудасын, мақта мен басқа да товарларды шығарады.

Франция ССРО-ға қара металл, құрағын, кабель, қолдан жасалынған ирген жібек, жібек және жүн маталарын, ет, какао, пштрустық және басқа да кейбір товарларды әкеледі. Мұнымен бірге, Франция ССРО-ға арнап жүк кемелерін жасайды, энергетикалық қазандар және басқа да жабдықтар дайындайды.

#### «СТАЛИНГРАД, КОВЕНТРИ ЖӘНЕ ВАРШАВА»

Ковентри және Сталинград қалаларының БҰҰ-ға бірлесіп жолдаған үндеуі туралы «Трибуна люду» газетінің мақаласы

ВАРШАВА, 11 ноябрь. (СОТА). Поляк баспасөзі Ковентри және Сталинград қалаларының Біріккен Ұлттар Ұйымына бірлесіп жолдаған және атом, сутегі құруын өндіруге және қолдануға тыйым салуға, бұл қаруды мемлекеттердің қару жарағынан толық алып тастауға шақырған үндеуін түсіндірді. «Трибуна люду» газеті «Сталинград, Ковентри және Варшава» деген заголовокпен мақала басты, бұл мақалада халықтардың жаншай қырып-жойатын қаруға тыйым салу жолындағы күресін күшейту үшін екі қаланың бірлескен үндеуінің орасан зор маңызы бар екенін атап көрсеткен.

Жақында өткен тарихтың сабақтарын халықтардың есінен өшіріп тастау үшін, герман милитаризмінің агрессиясына қарсы бірлескен күрестің тәжірибесін өшіріп тастау үшін және жаңа соғыс хауіпін төндіретін саясат жөнінде халықтардың қырағылығын әлсірету үшін, деп жазған газет, әртүрлі саясатшылар қанама күш салып отыр десеніші. Бірақ бұл әрекеттер табысқа жеткізбейді. Саяси және әлеуметтік көзқарасы әртүрлі, бірақ жаңа соғыс қатеріне жол бермеуге мызғымас жігермен біріккен адамдар қол қойған екі қаланың бірлескен үндеуі мұның айғағы болып табылады.

Бұл үндеу осы екі қаланың тұрғын халқының ғана еркін білдіріп отырған мен Англияның миллиондаған тұрғын халқының ғана еркін білдіріп отырған жоқ. Тағылықпен қйратылған, ал жазір жаңа Польшаның тамаша астанасына айналып келе жатқан Варшава да бұл үнге қосылады. Бұл — барлық поляктардың үні. Соғыстың жантүршігерлік сұмдықтарын басынан көшірген және бұл сұмдықтардың қайталануына жол бермейміз деп ант еткен барлық халықтар осы үн-

### Американ армиясы әскери қызметшісінің АҚШ-қа қайтып барғысы келмейді және ССРО-да саяси баспана беруді өтінеді

ВЕНА, 9 ноябрь. (СОТА). Бүгін Австрияның «Эстеррейхше дейтунг» газетінде американ армиясының сержанты Вильям-Клейтон Тернердің мәлімдемесі жарияланды, ол Австриядағы совет өкмет орындарына өтініш жазып, өзіне Совет Одағында саяси баспана берілуін өтінген. Тернер өзінің Австрияда орналасқан американ әскерлерінде, 124-ші артиллерия-техникалық жабдықтау батальонының «б» ротасында және Батыс Германиядағы 7-ші американ армиясына кіретін 2-ші бронетанкті дивизияның әскери полициясында қызмет еткенін хабарлаған. Совет Одағында өзіне баспана берілуін өтінген мәлімдемесінде Тернер мынаны хабарлаған: 1942 жылы ол АҚШ армиясына шақырылып, 1944 жылы Англияға әкелінген, одақтастар әскерлерінің Нормандияға түсірілуіне қатысқан және 29-шы американ дивизиясының құрамында Францияның территориясында гитлерлік әскерлерге қарсы соғыс қймылдарына қатысып, бұл үшін 5 награда алған.

1945 жылы Тернер АҚШ-қа қайтып барып, онда жұмыс табуға тырысқан және мұрылышы-инженер болу үшін оған әрі оқығышы келген, бірақ, Тернердің жазуына қарағанда, «бұл жылдары мен көбінесе жұмыссыз болдым», ал оқуға оның мүмкіндігі болмаған.

1942 жылы Тернер Кореядағы соғысқа байланысты армияға қайтадан шақырылған. «Американ солдаттарының»,— деп жазған Тернер,— «өз елін қорғау үшін» қайдағы Кореяға неліктен жіберілуге тиіс екенін менің өзім де түсінбедім, бірақ кейіннен Солтүстік Кореядағы төртінші АҚШ үкіметіне ұнамайтындығы, сондықтан оның бұл төртінгі өз дегеніше өзгертіліп келетіні маған айқын болды.

Бірінші кезектегі басқа резервтегілермен бірге Тернер Кореяға жіберілмей, Батыс Германияға жіберілген. «Бізді,— деп жазған Тернер өзінің мәлімдемесінде бұдан кейін,— Кореядағы соғысты сылтау етіп шақырып алып, армияда осы уақытқа дейін неліктен ұстап отыр, өйткені менің жасым қазір 32-ге келді, деген сұрақ туады. Мені міндетті әскери қызметке қана уақыт бола беруге көндіргісі келеді екен?»

Біздің газетімізде Совет Одағы өзінің армиясын азайтпай отыр-мыс деп жазуда. Ал шынша келгенде істің жайы мұның керісінше болып отыр: Құрама Штаттар 1950—1952 жылдары Кореядағы соғысты сылтау етіп, өз қарулы күштерін арттырды да, оны содан бері қысқартқысы келмей отыр. Қалай болған күнде де, менімен бірге қызмет істейтін резервтегілердің бірде-бірі армиядан босатылған жоқ.

«Әскерлерге хабарландыру және оларды ағарту» жөніндегі сабақтарда біздің офицерлеріміз американ әскерлері Батыс Германияда Бонн үкіметінің күшті армия құруына көмектесу үшін отыр деп бізге түп-тура мәлімдеуде.

«Мен агрессияшыл неміс армиясына қайта тудыруды қателік деп санаймын,— деп жазған Тернер,— өйткені мұның өзі тағы да үлкен соғысқа әкеліп соқтырған болар еді, ал мұндай соғыс американ халқы да қайыршылықтар мен мұқтаждықтарға ұшыратады. Менің өз басым американдар мен орыстар арасында соғыс тудыратын ешқандай себептерді көрмей отырмын. Батыс Германиядағы американ әскерлерінің барлық дерлік солдаттары да менің ойлағанымды ойлап отыр. Олардың бәрінің де үйлеріне қайтқысы әбден келеді. Американ халқының ақшасына франколық Испанияның, Батыс Германияның, Жапонияның неліктен қаруандырылып жатқанын біздің солдаттарымыздың ешқайсысы түсінбейді. Төртінші нашарлауы американ солдаттары наразылығының нәтижесі болып табылады.

Мен Майн қаласының әскери полициясында қызмет істедім, сондықтан американ солдаттарының жиі-жиі ұрлық, зорлық жасайтынын, төбелес шығаратынын білемін. Неміс халқы бізге дұшпандықпен қарайды. «Ами, гоу хом!» (американ, тайын тұрыңдар) деген сөздер герман қалаларының қабырғаларына ұдайы жазылуда.

Американ үкіметі европалық елдерді қорғау үшін американ әскерлері бұл елдерде онан әрі қала беруге тиіс деп біздің сынамызға қуға тырысуда, ал бұл елдердің тұрғын халқы біздің мұндай «қорғауымызға» тіпті де мұқтаж болып отырмай жоқ. Менің өзім мынадай қорытындыға келдім: егер біздің миллионерлеріміз бейбіт уақыттағы дағдылы табысымен қанағаттанып, өз солдаттары мен бөтен солдаттардың қанын төгу арқылы шамадан тыс пайда түсіруге ұмтылмаса, жаңа соғыстың ешқандай қатері тіпті де болмаған болар еді. Қарапайым адамдардың барлық жерде де бақытты және бейбіт болашақты тілеп отырғанына, ал біздің байларымыздың бұрынғыдан да гөрі баю үшін адамдардың осы болашағын тартып алғысы келіп отырғанына менің көзім жетті.

Менің сондықтан да қару фабрикантарының мүдделерін көздейтін саясат жүргізіп, барлық жерде де фашистерді қолдап отырған қазіргі АҚШ үкіметіне менің еңдігі жерде қызмет еткім келмейді. АҚШ үкіметінің Батыс Германияның фашистік тобымен бірге жаңа агрессия әзірлеп жатқаны маған айқын. Мен фашистерге қарсы соғыстым, бірақ фашистермен бірге агрессияға қатысқым келмейді.

Мен қарапайым адамға шын мәнісінде бостандық болып отырған елге кетуге ұйғардым.

Менің Совет Одағында өмір сүріп, жұмыс істеуіме мүмкіндік берілуін өтінемін».

Вильям-Клейтон Тернерге Совет Одағында саяси баспана берілді.

### Дүниежүзілік Бейбітшілік Советі сессиясы алдында

СТОКГОЛЬМ, 12 ноябрь. (СОТА). Дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің секретариаты баспасөзге берген мазмұндамасында былай деп хабарлайды:

Стокгольмде 18 ноябрьде ашылатын Бүкілдүниежүзілік Бейбітшілік Советінің сессиясына 400-ге жуық адам қатысады деп күтілуде. Сессияға қатысушылардың жартысы шақырумен келетін адамдар, олар әдеттегідей, тек қана сөйлеумен тынбай, сонымен бірге, дауыс беруге де қарулары бар. Сессияға 60 елдің өкілдері келеді.

Сессияның күн тәртібінің бірінші мәселесіне герман проблемасы мен европалық хауіпсіздік жөніндегі мәселе қойылады. Көзір Лондон университетінде жұмыс істейтін Австралияның көрнекті физик профессор Э. Буркоп қарусыздандыру мен атом қаруы жөніндегі мәселе бойынша дискуссияны ашады.

Көптеген көрнекті қоғам қайраткерлері өңдерінің сөздерінде таяу уақытта болатын Бүкілдүниежүзілік Бейбітшілік Советі сессиясының зор маңызы бар екенін атап өтуде.

### Американ самолеттерінің ҚХР-дің әуе кеңістігін бұзуы

ПЕКИН, 10 ноябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі тілшісінің хабарына қарағанда, 7 және 8 ноябрьде 50 американ соғыс самолеттері алты топ болып, Чжэцзян провинциясының жағалаудағы аудандарының үстіне әуе кеңістігіне басып кірген.

7 ноябрьде он екі американ соғыс самолети Чжэцзян провинциясындағы Тоумьньшань аралының, Наньтянь аралының және Нинбоның шығыс жағында 20 километр жердегі ауданның үстіне ұшып келген. Сол күні 11 сағат 09 минут пен 11 сағат 16 минуттың аралығында төрт американдық соғыс самолети Чжэцзян провинциясындағы Саньшань аралының, Наньтянь аралының, Нинбоның оңтүстік-шығыс жағында 20 километр жердегі ауданның, Нинбоның оңтүстік жағында 20 километр жердегі ауданның және Саньшань төңіректерінің үстіне ұшып келген. Дәл сол күні 13 сағат 39 минутта он екі американ соғыс самолети Наньтянь аралының үстіне ұшып келген.

Бұл американ соғыс самолеттерінің үш тобы Қытай Халық-азаттық армиясының самолеттері олардың қарсы алдынан шыққан кезде оңтүстік-шығыс бағытында, геңізге қарай ұшып кеткен.

8 ноябрьде 10 сағат 10 минут пен 10 сағат 16 минуттың аралығында төрт американ соғыс самолети Чжэцзян провинциясының жағалауындағы Тяньбау аралының үстіне ұшып өткен. Халық-азаттық армиясының осы аралды күзетіп тұрған жауынгерлерінің айтуы бойынша, американ соғыс әуе күштерінің танымал белгілері бар бұл самолеттер винтті-моторлы самолеттер болған. Сол күні 12 сағат 36 минут пен 12 сағат 50 минуттың аралы-

### Европалық коллективтік хауіпсіздік үшін

Эдуард-Эрионың мәлімдемесі

ПАРИЖ, 12 ноябрь. (СОТА). Бірінші дүниежүзілік соғыстағы Германиямен бітімге қол қойылудың 36 жылдығына арналған ресми салтанатпен бірге, кеше бүкіл Францияда халықтың қаралы ма-

Бұл үндеу Париждың бірінші округіндегі мэр үйінде, Сен-Денидегі, Обервильдегі, Вильжюффеге және басқа да қалалар мен елді пункттердегі көпшілік жыйналған қаралы митингтерде бірауыздан

### Американ конгресс мүшелері американ самолеті



зіген. «Юманите» газетінің хабарлауына қарағанда, қалалар мен елді пункттерде тұрындар алаңдарға, мэр үйінің алдына, муниципальді Советтерге және зираттарға жыйналып, кайзерлік және гитлерлік германияға қарсы соғыс кезінде қаза тапқан француздарды еске түсірген. Барлық жерде де бұл митингтерде бұрынғы майданда болғандардың француздық одағының үндеуі оқылған, онда былай делінген: «Бұрынғы майданда болғандардың француздық одағы өзінің қандай тұрғыда болса да герман милитаризмінің қайта тудырылуына өшпенділікпен қарайтынын тағы да атап көрсетеді.

Ол герман мәселесінің шешілуі жылпшылық, біртіндеп, бір уақытта және қаруды бақылауға жағдай туғызатын коллективті хауісіздік жүйесінен табылуын Европада және бүкіл дүние жүзінде баянды бейбітшілік орнату жөніндегі келіссөздерді пайдасыз етіп шығаратын жер жүзінде қаруландыруды тездетуге көмегі тиетін шаралардың қайсысы болсын, қабылданбауға тиіс деген пікір айтады.

### БОННЫҢ БИЛЕУШІ ЛАГЕРІНДЕГІ ІШКІ САЯСИ КҮРЕСТІҢ ШИЕЛЕНІСУІ

БЕРЛИН, 12 ноябрь. (СОТА). Батыс Германиялық баспасөздің хабарларынан көрініп отырғандай, Бонның үкмет коалициясы ішіндегі күрес Париж келісімдерімен байланысты оған әрі шиеленісуде.

Бонның үкметтік партияларында Аденауэрдің келісуімен қабылданған Саар статуты ерекше наразылық тудырған, бұл статут Батыс Германияда Саарды біржолата бөліп аятуға Германияның келіскендігі деп бағаланып. Саар статуты барлық Париж келісімдерінің біртұтас құрамды бөлігі болып отырғандықтан, сөйтіп оған қатер төндіріліп отырғандықтан, Аденауэр қазір Париж келісімдерінің бәрін тұтасымен қабылдауға басқа коалициялық партияларды (еркін демократиялық партияны, жалпыгерманиялық блокты, неміс партиясын) күшінен көндіру үшін қысым жасаудың барлық құралдарын қолдануда.

Ол белгілі дәрежеде қысым жасап үлгірген: батысгерманиялық ДНА агенттігінің хабарына қарағанда, жалпыгерманиялық блоктың фракциясы, Аденауэр бұл партияның басқа мәселелер жөніндегі таластары жайында берген өзінің уәделерін орындаған күнде, Бонның үкмет коалициясында әзірше қала тұруға қарар қабылдаған.

Бірақ халықтың наразылығы күшті болып отырғаны соншалық, Аденауэрдің жоғары топтарда астыртын келісу жолымен бұл наразылықты басып тұнықты-

### ИРАН ӨКМЕТІНІҢ ОППОЗИЦИЯЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРДІ ЖАЗАЛАУЫ

ПАРИЖ, 12 ноябрь. (СОТА). Франс-Пресс агенттігінің Тегерандағы тілшісінің хабарлауына қарағанда, 11 ноябрьден 12 ноябрьге қаранган түні болған соғыс сөтінның мәжлісінде оппозициялық істері

Ұлттық жиналыстың құрметті председателі және Лион қаласының мэрі Эдуард Эррио кеше өздерінің Батыс Германия милитаризміне қарсы күрестерін тоқтатпаймыз деген бұрынғы майданда болғандардың Республиканық ассоциациясы өкілдерін қабылдады. Өзінің жауапты сөзінде Эррио былай деді: ол бұл сыяқты позицияны бүтіндей қолдайды және коллективтік хауісіздік жөніндегі нақтыны құруды жақтайды. «Мен, — деді ол, — сіздердің бейбітшілікті іздеу жөнінде айтылған сөздеріңізге қосыламын. Мен өзімнің, 1924 жылы әрдайым қорғаған доктринаға адалдығымды сақтаймын. Доктрина өзгерген жоқ, оны мынандай үш сөзбен түсіндіруге болады: аралық комиссия, хауісіздік және қарусыздандыру.

Мәселенің нақтыны шешілуі — бұл бейбітшілік бейбітшілік бөлінбейді.

Хауісіздік — коллективті болып табылады және ол барлық ұлттарға да тарауға тиіс. Мен өзімнің барлық күш жігерімді осы мақсатқа жету жолына бағыттаймын...».

руы оңайға соқпайды. Батыс Германияның төменгі Саксония өлкесінің ландтаг тағы жергілікті парламенті жақында қабылдаған қарар бұқараның көзқарасы қандай екенін айқын көрсете алады. Бұл ландтаг барлық партиялардың басым көпшілік дауысымен Саар статутын қабылдауға болмайды деп жариялаған (Аденауэр партиясы — ХДО мен неміс партиясының мүшелері ғана дауыс бермей қалып қалған). Ландтаг төменгі Саксония үкметінің Саар статутының күшіне кіруіне жол бермеуге шаралар қолдануға шақырған. Өзінің үкмет коалициясындағы әріптестерін көндіру үшін уақыт ұтуды көздеп, Аденауэр өзінің бундестагте (батысгерманиялық парламентте) сыртқы саясат мәселелері жөнінде сөз сөйлеуін «белгісіз мерзімге» кейінге қалдырған. Париж келісімдерін бекіту туралы мәселені бундестагте талқылау мерзімі де 16—18 декабрьге қалдырылған.

Саар туралы мәселе сонымен қатар Батыс Германияның Франциямен қатынастарын шиеленістіруге әкеліп соқтырған. Рас, Бонн мен Париждың кейбір газеттері бұл мәселеде тек «маңызы шамалы мәселелер» ғана реттелмей қалып отыр-мыс деп істің жайын бұрмалап көрсетуге тырысуда. Бірақ француздың «Комба» газеті Саар мәселесі «жабығып айырылмайтын реакция сыяқты, француз-герман қатынастарында қыйыншылықтар тудырып отыр» деп атап көрсеткен.

### КОВЕНТРИ ҚАЛАСЫ МУНИЦИПАЛЬДІ СОВЕТІ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ССРО-дан ЖҮРІП КЕТУІ

10 ноябрьде Ковентридің лордмэрі Дж. Феннел бастаған Ковентри қаласының (Англия) муниципальді Советінің делегациясы Сталинградтан Москваға келді. Сталинградта делегацияның мүшелері мен Сталинград қалалық Советі депутаттары Біріккен Ұлттар Ұйымына атом және су тегі қаруларын қолдануға тыйым салуға шақырған екі қаланың бірлескен үндеуін жасап және қол қойды.

Ковентри қаласы делегациясының мүшелері өздерінің Москвада болған уақыттарында Ленин мен Сталин Мавзолейінде болды, Кремльдің тарихи орындарын көрді, Совет Одағының астанасымен танысты.

11 ноябрьде кешке делегацияны Москва Аткару Комитетінің Председателі М. А. Яснов қабылдады.

12 ноябрьде Ковентри қаласы муниципальді Советінің делегациясы Англияға ұшып шықты. Внуков аэромында делегацияны Сталинград қалалық советі атқару комитеті председателінің орынбасары Г. А. Калинин мен қоғам өкілдері шығарып салды.

(СОТА).

### БЕЛЬГИЯ ЕҢБЕКШІЛЕРІ БАТЫСGERMANIAЛЫҚ АРМИЯНЫҢ ТУДЫРЫЛУЫНА ҚАРСЫ

БРЮССЕЛЬ, 12 ноябрь. (СОТА). Кеше Бельгияда герман милитаризмінің салдарынан туған бірінші дүниежүзілік соғыстағы бейбітшілікке келудің 36 жылдығы аталынып өткен.

Брюссельде, Антверпенде, Льежде және басқа қалаларда дүниежүзілік бірінші соғысқа қатысқандардың, антифашистердің патриоттық ұйымдары мүшелерінің демонстрациясы болып, ол герман «вермахтының» қайтадан тудырылуына қарсы, бейбітшілік үшін күреске барлық күшті жұмылдыру керек деген ұранмен өткізілді.

### МОНТЕВИДЕО ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ЕРЕУІЛІ

МОНТЕВИДЕО, 12 ноябрь. (СОТА). Кеше Монтевидеода жұмысшылардың еңбек жағдайын жақсарту жөніндегі талаптарын порт дирекциясының орындамауына қарсы наразылық ретінде порт жұмысшыларының 48 сағаттық ереуілі басталған.

### ПОЛЯКТЫҢ «ПРЕЗИДЕНТ ГОТВАЛЬД» КЕМЕСІ ТЕҢІЗШІЛЕРІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЗЫЛ КРЕСТКЕ ӨТІНІШІ

ВАРШАВА, 12 ноябрь. (СОТА). Мұнда хабарланғандай үстіміздегі жылы май айында ашық теңіз үстінде чанкайыштық қарақшылар ұстап алған поляктың «Президент Готвальд» сауда кемесінің теңізшілері өздерінің Отанына қайтуына көмектесуін сұрап, Халықаралық Қызыл Крестке өтініш жолдаған.

### тудырған шатақ жаиында

ВАШИНГТОН, 12 ноябрь. (СОТА). Американың конгресінің кейбір мүшелері АҚШ-тың соғыс командованиясы американың самолеттерінің ССРО-ның ауа шекарасын бұдан әрі бұзуын болдырмайтын тиісті шаралар қолдануы қажет деген пікірлерді айтуда. Мысалы, сенатор-демократ Бейвер (Теннеси штатынан) Юнайтед Пресс агенттігі тілшісімен әңгімелескенде, АҚШ «біздің самолеттеріміздің Совет территориясына ұшып өтпеуі үшін белгілі шаралар қолдануға тиіс» деп айтқан.

Өкілдер палатасының мүшесі республиканың Калифорния штаты-

### ПУЭРТО РИКОДА-ПРОГРЕСШІЛ ЭЛЕМЕНТТЕРДІ ҚУҒЫНДАУ

НЬЮ-ЙОРК, 12 ноябрь. (СОТА). Юнайтед Пресс агенттігі тілшісінің Сан-Хуаннан (Пуэрто-Рико) берген хабарына қарағанда, федеральды судья Снайдер, Пуэрто-Рико Компартиясының бас секретары Римаго Мирабальдың заң бойынша жеке басының праволары қорғалуы жөнінде жазба түрінде бұйрық беруден бас тартқан, ал Римаго Мирабальды «Смит за-

нан» былай деген: американың самолеттері «коммунистер территориясының» шекарасынан өтпеуге тиіс. Өкілдер палатасының екінші бір мүшесі республиканың Миллер (Небраска штатынан) былай деген: АҚШ өзінің қарулы күштерін «хауішті аудандардан» алып кету керек. «Бізге, — деген ол, — бұл сыяқты орындардың көпшілігінен тайып отыру керек болады. Жапонияда, біз онда көбірек тұрған сайын достарымыз саны азайып бара жатқан уақыт туып отыр. Бұл сыяқты жағдайлардың Германия мен басқа да аудандарға қатысы бар».

ның» болмағы бұрмалағаны үшін сотқа тарту хауіі бар еді.

Снайдер Мирабальды қорғаушының, 1952 жылы 3 июльде АҚШ конгресі Пуэрто-Рико үшін конституция» дегенді қабылдағаннан кейін «Смиттің заңы Пуэрто-Рикоға өз күшін жойды» деген сөзін қабылдамай тастады.

Чжаэцян провинциясындағы Юхуань төңіректерінің, Дунбушань аралының және Сунмыньнің үстінде әуе кеңістігіне басып кірген. Дәл осы күні 13 сағат 00 минут пен 13 сағат 04 минуттың аралығына алты американың соғыс самолёті Чжаэцян провинциясының жағалауындағы Тунчжишань аралының үстіне ұшып келіп, екі дүркін айналғаннан кейін Тоумыншань аралы мен Тяньбау аралының үстінде әуе кеңістігіне басып кірген. Бұлардың үшеуі төмен ұшып, барлау жасаған. Байқау постында тұрған Халық-азаттық армиясы жауынгерлерінің айтуынша, бұл самолеттерде американың соғыс әуе күштерінің танымал белгілері болған.

Қытайдың әуе кеңістігіне басып кірген американың соғыс самолеттерінің соңғы ұш тобы Халық-азаттық армиясының зенит артиллериясы оларға қарсы оқ атқаннан кейін оңтүстік-шығыс бағытында, теңізге қарай ұшып кеткен.

Редактордың орынбасары

Е. НУРМОЛДИН.

**Жолдас!**  
Сен

# ЛЕНИН ТУЫ

газетіне жазылдың ба?

**ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ**

1 айға —	4 сәт 35т.
3 айға —	13 сәт 05т.
6 айға —	26 сәт 10т.
1 жылға —	52 сәт 20т.

Бұл жұмысқа түпнәсі жазылушылар!

## Киноларда

УДАРНИК» кинотеатрында

«КОМЕДИАНТТАР»

Сеанстар сағат 3, 4-40, 6-20, 8-20 және 10-да басталады.

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«ЖЕР»

Сеанстар сағат 4-30, 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.

Петропавл қаласында және облыс аудандарында жұмыс істеу үшін шоферлар, автомобиль слесарьлары КЕРЕК.

Жұмысқа қабылдау тәртібі жөнінде Петропавл қаласы, Қызылту көшесі, 117-үйге, «Союзгазоттранстың» кадр бөліміне келіп түсінік алуға болады.

Петропавл қаласы, Коммунист көшесінің басындағы тау ойпаты, 22-үйде тұрушы Тамара Александровна Ким Павел Николаевич Кимнен айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Солтүстік Қазақстан облыстық сотта қаралады.

Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 38-үйде тұрушы Валентина Михайловна Суворова Петропавл қаласы, Береговая көшесі, 9-үйде тұрушы Викентий Феоктистович Суворовтан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, 2-участоктың халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.